

# ҚЫРЫҚ КҮН ШІЛДЕ БОЛҒАНДА...

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.QAA.KZ qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

Үкімет пен әкім

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Н.Нәлібаев:

## КЕМШІЛІКТЕРДІ ЖОЮ БАРЫСЫНДА КӨЗБОЯУШЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен тұрғын үй және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының құрылыс сапасына қатысты мәселелер талқыланған кеңес өтті. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Мемлекет басшысының құрылыс сапасын арттыру, нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бюджет қаражатын тиімді пайдалану тапсырмасы бар.

Жиында құрылысқа бақылауды күшейту, техникалық және авторлық қадағалау институттарының жауапкершілігін арттыру, анықталған кемшіліктерді уақытылы жою мәселелері қаралды.

Премьер-министрдің бірінші орынбасары

ақауларды жою барысында көзбояушылыққа жол берілмейтінін атап өтті.

Құрылыс сапасы жобалау кезеңінен бастап құрылыс-монтаждау, пайдалануға қабылдау, техникалық және авторлық қадағалау, кепілдік міндеттемелердің толық орындалуына дейінгі барлық кезеңде қамтамасыз етілуі тиіс.

Тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар, инженерлік-коммуналдық инфрақұрылым, автомобиль жолдары, абаттандыру объектілері, аула аумақтары, сыртқы жарықтандыру жүйелері, теміржол вокзалдары мен автовокзалдар құрылысына бақылауды күшейту қажет.

Кемшіліктер мердігер ұйымдар қаражаты есебінен, кепілдік міндеттемелер шеңберінде, бюджет қаражатын жұмсамай жойылуы керек.

Мәжілісте бақылауды күшейту және тапсырыс берушілердің, мердігер ұйымдардың, техникалық және авторлық қадағалаудың жауапкершілігін арттыру шаралары талқыланды.

Кейінгі үш жылда аймақта құрылыс сапасына бөлінген қаржы тұрақты өсіп, 2023-2025 жылдар аралығында 349,9 млрд. теңгеге жетті.

Құрылыс жүріп жатқан нысандардың сәулеттік келбеті мен ішкі дизайны алдын-ала келісіліп, сыртқы және ішкі өрлеу жұмыстарының үйлесімділігі қамтамасыз етілуде.

Жұмыстың сапалы әрі белгіленген мерзімде орындалуы үшін барлық нысан тұрақты бақылауға алынған.

## ПОЛИЦИЯ КӨЛІГІ КӨБЕЙДІ



Қазақстан полициясының кәсіби мерекесі күні Қызылорда қаласының орталық алаңында облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен полиция қызметкерлерінің 94 арнайы автокөлігі табыстау рәсімі өтті.

Бүгінде өңірде құқықтық тәртіпті сақтау, қылмыстың алдын алу және оны ашу, азаматтардың құқықтары

мен заңды мүдделерін қорғау бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Осы жауапты міндеттерді атқаруда полиция қызметкерлерінің еңбегі ерекше.

Құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттыру үшін полиция департаментінің жедел-салалық қызметтерінің материалдық-техникалық базасы заманауи техникалармен толықтырылды.

Жаңа қызметтік көліктер тергеу, анықтау, жедел-криминалистикалық, табиғат қорғау, көші-кон және өзге де бөлімшелердің қызметтік міндеттерін жедел орындауына мүмкіндік береді.

Аймақ басшысы тәртіп сақшыларының қоғам алдындағы жауапкершілігіне, ел тыныштығы жолындағы еселі еңбегіне тоқталды.

«Президентіміз «Қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, заңның мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету – айрықша маңызды міндет» деп атап өтті. Бұл тәртіп сақшыларының күнделікті қызметіндегі басты бағдары болуы тиіс!

Жергілікті атқарушы билік пен құқық қорғау органдары бірлесіп, үйлесімді жұмыс атқаруда. Кейінгі жылдары құқықбұзушылық азайып, өңірдегі қауіпсіздік пен жедел әрекет ету қызметтерінің жұмысы оң нәтиже

берді. Егемен еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғауда, қоғамда «Заң мен Тәртіп» қағидатын орнықтыруда аянбай еңбек етіп, Өздеріңізге жүктелген міндетті абырмымен орындай беріңіздер! Сіздерге мықты денсаулық, сарқылмас күш-қуат, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін! Еліміз аман, халқымыз тыныш болсын!», – деді Мұрат Нәлхожаұлы.

Сәуір айында сол кездегі аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен полицияның патрульдік қызметкерлеріне 100 жаңа автокөлік табысталған болатын. Бүгінгі бастама құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық әлеуетін бұрынғыдан да нығайта түсті.

Рәсімде ІІМ-нің Құрметті ардагері, Қызылорда қаласының Құрметті Азаматы Тастемір Рахимов, облыстық полиция департаменті ардагерлер кеңесінің төрағасы, запастағы полиция полковнигі Әмірбек Шаймағамбетов өңірдегі мерекелермен құттықтап, ізгі тілек білдірді.

Әл-ауқатын арттыруға үлес қосатын, қоғамда адалдық пен әділеттіліктің үлгісін көрсететін халықтың айнасы.

Жауапкершілігі жоғары салада Өздеріңізге жүктелген міндет пен жоғары сенімді ақтауда бар күш-жігерлеріңіз бен білімдеріңізді жұмсап, адал қызмет ете беріңіздер», – деді Мұрат Нәлхожаұлы.

Іс-шарада бірқатар қызметкерлер мен сала ардагерлері Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің, Премьер-министрдің бірінші орынбасарының Алғыс хаттарымен, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісімен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Мерекелік басқосуда Президент Жарлығына сәйкес мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған жас мемлекеттік қызметшілер салтанатты түрде ант берді.

Қыс мезгілінің желтоқсанының соңынан ақпанының алғашқы күндеріне дейін созылатын қыс шілдесінде тоңып-жаурап, жаздың аптап ыстығын аңсағандарға шілде туды. Ауа райы болжамында өте ыстық ай саналатын бұл кезең 40 күнге созылатындықтан оны «Қырық күн шілде» деп те атайды. Сол қырық күн шілде маусымның 25-інен басталып, тамыздың 5-де аяқталады.

Қырық күн шілдеге дейін-ақ 40-тан астам ыстық температурада күнге қақталып, күйіп-жанып жүрген қызылордалықтар қыстың да, жаздың да шілдесінен қорқақ түрі жоқ. Егіннің егіп, малын бағын, кәсібін де жүргізіп, тірлігін жасап жатыр.

Қорқыныштысы, күннің ыстығы емес, аңқаны да, алқапты да кептіретін құрғақшылық...

«Қазгидромет» болжамы бойынша шілде айында еліміздің бірнеше өңірлерінде құрғақшылық болғалы тұр. Мәселен Павлодардың Ақтоғайы, Ертісі, Успенскісі, Шербактысы, Қарағандының Ақтоғайы, Бұқар жырауы, Осакары, Қарқаралысы, Шеттісі, Шығыс Қазақстанның Зайсаны, Үлкен Нарыны, Күршімі, Марқакөл, Тарбағатайы, Өскемен мен Шимонайх маңайы, Абайдың Аягөзі, Бесқарағайы, Бородулихина, Жармасы, Ұржары, Мақаншысы, Жаңа Семей ауданы, Алматының Балқаш пен Жамбыл аудандары, Жетісудің Алакөл, Қаратал, Панфилов аудандары, Түркістанның Арыс, Созақ, Қазығұрт, Ордабасы, Шардара, Жетісай аудандары, сондай-ақ Қызылорданың Қазалы, Қармақшы, Шиелі аудандары құрғақшылық зардабын тартқалы отыр.

Бір айта кететіні «Қазгидромет» баяғыдай болар, болмас болжамдар айта бермейді. Қазір олардың айтқаны дәл келеді. Оның тағы бір болжамына зер салсақ жылдағыдай жаздың екінші айы өте ыстық болғалы тұр. Біздер үшін... Өйтпесе Солтүстік пен Шығыста +18 +23; Шығыс Қазақстанның таулы аймақтарында +14 +16; Оңтүстіктің кей өңірлері мен Оңтүстік Батыста +30, +31; Солтүстікте, Оңтүстік-Шығыста +15 +20 градус екен.

Ал біз мекен ететін оңтүстікте температураның ең салқыны +42 +43; өйтпесе +50°.

«Көппен көрген ұлы той!»...

Жалпы қазақ ұғымында шілде – шаруа айы. Көктемде бейнеттеніп еккен егінді пісіретін де осы ыстық. Малға жем-шөпті дайындайтын да осы кезең. Қазақтың байырғы ауа райын есептеушілердің пікірінше 40 күн шілде өсімдік теренге тамырап, дәнді дақылдар дон ала бастайды. Шөп буыны бекіп, дәрілік шөптер қуаттана бастайды.

Ауыл, қаладағы жұрт ыстықтан жан сақтай алмай, әбіржіп қалатыны рас. Жаңға сая іздеп, көлеңке қуалап жүреді. Соңғы кездері қала көшелеріндегі сұбұрқақтар айнала ауаны салқындатып, көлеңке болар көкжелектер көбейіп, кейінгі келген автобустардағы кондиционерлер ыстықтан қорғаныш болып, жаңға бір дем рахат болары сөзсіз.

Осындайда бізге дейінгілер бұл ыстықта қалай күн көрген деп ойланасың. Бұрынғылардың өміріне көз жүгіртсең, олар табиғи жүнінен тоқылған салқын киімдер, күн өткізбейтін бас киімдер, үстіне ұзын шапан киіп күннен, ыстықтың денеге өтуінен қорғанған.

Салқын қымыз, шұбат, айран, қатық сияқты салқын тағамдар ішкен. Жалбызды суға салып салқындатып сусын еткен. 40 күн шілдені бүгінгілер әлде бір жақтан келген аптап деп жүргенімізбен ол баяғыдан бізбен бірге біте қайнасып келеді...

## ЗЕБЕШОВТИҢ ОРНЫН БАСТЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен актив отырысында Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі және облыс әкімінің өкімімен облыс әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалған Нұриддин Аманқұл таныстырылды.

Мұрат Нәлхожаұлы жаңа орынбасарына өңірдің кәсіпкерлік, туризм және аграрлық әлеуетін арттыруға бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыруды тапсырды.

Нұриддин Аманқұлды 1986 жылы Тараз қаласында дүниеге келген. К.Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университетін «экономика» мамандығы бойынша тәмамдаған, экономика ғылымдарының магистрі.

Еңбек жолын 2007 жылы Халықаралық саясат институтында сарапшы ретінде бастап, кейін мемлекеттік және халықаралық инвестициялық-қаржылық ұйымдарда жауапты қызметтер атқарған.

2012-2018 жылдары «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігінде департамент директоры, басқарушы директор және Ыстамбұл қаласындағы инвестициялық өкіл болған.

2018-2023 жылдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар комитетінде шетелдік инвестициялар тарту басқармасын басқарды, сондай-ақ Қазақстанның Түркия Республикасындағы елшілігінде бірінші хатшы және кеңесші лауазымдарында еңбек етті.

2023 жылдың маусым айынан осы тағайындауға дейін Қазақстан Республикасының Ыстамбұл қаласындағы Бас консулы қызметін атқарды.

Мәжілісте облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық сот төрағасы Әділхадиди Шығамбаев, облыс прокуроры, өңірлік инвестициялық штабтың төң төрағасы Ризабек Ожаров сөз сөйлеп, облыс әкімі орынбасарының жауапты қызметіне сәттілік тіледі.

Р.С. Өміртарихына қарағанда біраз еңбек өтілінен өткен Аманқұлды өзіне дейінгі Ардақ Темірханұлы Зебешовтей аймаққа келетін инвестиция көлемін қаншалықты арттыра алады, ол уақыт елшісінде. Әзірге Қызылордаға ол көп қызмет еткен түрік елінен келер инвестиция көбейер деген үміт бар...

## КҮНДІЗ ДЕ, ТҮНДЕ ДЕ, ЫСТЫҚТА ДА, СУЫҚТА ДА ПОЛИЦИЯ – ҚОРҒАНЫҢ...

Жыл сайын 23 маусымда елімізде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, азаматтардың қауіпсіздігін қорғау және заң үстемдігін нығайту жолында қызмет атқарып жүрген полиция қызметкерлерінің кәсіби мерекесі атап өтіледі. Бұл күн 1992 жылғы 23 маусымда Қазақстанның алғашқы «Ішкі істер органдары туралы» Заңы қабылданына байланысты белгіленген және 2007 жылдан бастап ресми мереке ретінде аталып келеді. Қазақстан полициясы күні – осы жауапты қызметті жолға қоюдың басы-қасында болғандарға, ардагерлерге және бүгінде еңбек етіп жүргендерге ризашылық пен алғыс білдіру күні.

Полиция қызметі – жоғары жауапкершілікті, кәсіби біліктілікті және бағылдықты талап ететін маңызды мамандық. Тәртіп сақшылары қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, қылмыспен күресу және азаматтардың құқықтарын қорғау бағытында тәулік бойы қызмет атқарады.

Жалғасы 5-бетте



## ТҰРАБАЕВ – АХАТОВТЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатовтың өкімімен қала әкімінің орынбасары лауазымына Еркін Ермағанбетұлы Тұрабаев тағайындалды. Қала әкімі жаңа орынбасарын кадрлық өзгерістерге байланысты өткен актив отырысында таныстырды.

«Еркін Ермағанбетұлы мемлекеттік қызметте жемісті еңбек етіп, сатылап өскен білікті де, тәжірибелі маман. Тапсырманы тиянақты орындайтын жауапкершілігі мол азамат. Сондықтан әлеуеті жоғары кадр ретінде өз жұмысын кәсіби деңгейде атқарады деп сенемін», – деді қала әкімі.

Еркін Ермағанбетұлы 1986 жылы дүниеге келген. Жоғары білімді. Қорқыт

ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2008 жылы Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасында жетекші маман болып бастаған.

Әр жылдары облыс әкімінің бірінші орынбасарының, облыс әкімінің көмекшісі, қала әкімі аппаратының басшысы, облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесі Өңірлік даму бөлімінің бас инспекторы қызметтерін атқарған. 2023 жылдан

бастап осы кезге дейін Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының тұрақты мүшесі лауазымын атқарып келді.

Актив отырысына қатысқан қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірбек Шөменов, қалалық қоғамдық кеңес төрағасы Мұхиджан Кәрімбаев және «Қызылорда СуШар» мекемесінің директоры Жорабек Нұрымбетов тағайындалған қала әкімінің жаңа орынбасарының қызметіне сәттілік тіледі.

Еркін Ермағанбетұлы кәсіпкерлік және өнеркәсіп, қоғамдық даму, мәдениет және тілдерді дамыту, дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімдеріне жетекшілік жасайтын болады.

## БЖЗҚ-НЫҢ АШЫҚ ЕСІК КҮНІ:

*Цифрлық сервистер, қаржылық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау туралы білгіңіз келсе “Ашық есік” күніне келіңіз*

2026 жылғы 26 маусымда «БЖЗҚ» АҚ барлық ниет білдірушілерді «БЖЗҚ» АҚ-ның цифрлық қызметтері. Қор қызметтерін алу кезінде алаяқтардан және жалған делдалдардан дербес деректерді қорғау» тақырыбында кезекті Ашық есік күніне қатысуға шақырады.

Кездесу барысында БЖЗҚ мамандары зейнетақы қызметтерінің біразын қашықтан және кез келген ыңғайлы уақытта алуға мүмкіндік беретін Қордың заманауи цифрлық сервистері, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл туралы айтып беретін болады.

Кездесуде Сіз:

БЖЗҚ-ның қандай цифрлық сервистері салымшыларға/алушыларға қолжетімді екенін және оларды қалай пайдалану керектігін; жеке кабинетте және мобилді қосымшада зейнетақы қызметтерін қалай алуды, зейнетақы жинақтарының жай-күйін бақылауды, берілген өтініштердің мәртебесін қадағалауды және т. б.;

болашақ зейнетақы төлемдерін бағалауға және зейнетақымен қамсыздандыруды жоспарлауға көмектесетін «Зейнетақы калькуляторы» және «Дербес зейнетақы жоспары» сервистері қалай жұмыс істейтінін;

БЖЗҚ-ның ресми сайты, Telegram-бот және Қормен өзара іс-қимыл жасаудың басқа да цифрлық арналары қандай мүмкіндіктер беретінін; алаяқтар ең көп таралған алаяқтық схемаларының қандай түрлерін қолданатынын және алдау әрекеттерін қалай тануға болатынын; дербес деректеріңізді, зейнетақы жинақтарыңызды және банктік ақпараттың алаяқтар мен жалған делдалдардан қалай қорғауға болатынын біле аласыз.

Бұдан басқа, БЖЗҚ мамандары қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, зейнетақы жүйесі мәселелері бойынша жеке кеңес береді.

Барлық ниет білдірушілерді Ашық есік күніне қатысуға, БЖЗҚ-ның цифрлық қызметтері туралы өзекті және шынайы ақпарат алуға, сондай-ақ дербес деректеріңіз бен зейнетақы жинақтарыңызды алаяқтардан қалай қорғау керектігін білуге шақырамыз.

«БЖЗҚ» АҚ «Ашық есік күнінде» өзінің салымшыларын, алушыларын және қатысуға ниет білдіргендерді күтеді!

**“БЖЗҚ” АҚ Баспасөз орталығы**

## ЖЕР ЗАҢНАМАСЫНЫҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ МЕН ҚОҒАМ СЕНІМІНІҢ КЕПІЛІ

Қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Мемлекет қабылдап отырған жүйелі шаралар мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге, қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға және адальдық қағидаттарын орнықтыруға бағытталған.

Жер – мемлекеттің айрықша маңызды табиғи ресурсы және Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік және экологиялық дамуының негізі. Сондықтан жер заңнамасының талаптарын сақтау, жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ету – мемлекеттік органдардың маңызды міндеттерінің бірі.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық органы ретінде Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департаменті өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Жер кодексіне, Кәсіпкерлік кодексіне, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

Департамент қызметінің негізгі бағыттарының бірі – жер заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру. Бұл қызметтің басты мақсаты – заң бұзушылықтарды анықтау ғана емес, жер қатынастары саласында заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және жерді

ұтымды пайдалану мен қорғауға ықпал ету.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мемлекеттік бақылаудың барлық кезеңінде маңызды орын алады. Осыған байланысты Департаментте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар тұрақты түрде іске асырылып келеді. Қызметтік шешімдерді қабылдау кезінде заңдылық, объективтілік, бейтараптық және ашықтық қағидаттарын сақтау – әрбір мемлекеттік қызметшінің басты міндеті.

Департаментте сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, қызметтік процестерді жетілдіру, занамаңыз біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметшілерді жауапкершілігін арттыру бойынша жұмыстар тұрақты негізде ұйымдастырылады. Ішкі талдау нәтижелері ұйымдастырушылық шешімдер қабылдауға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға бағытталды.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауы мен құқықтық мәдениетін арттыруға ерекше назар аударылады. Ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы занамаңыз талаптарын түсіндіру, мүдделер қақтығысының алдын алу, әдеп қағидаттарын сақтау және қызметтік тәртіпті нығайту бойынша тұрақты түрде құқықтық оқыту іс-шаралары өткізіледі.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың жолданымдарын сапалы әрі заң талап-

тарына сәйкес қарау да Департамент қызметінің маңызды бағыты болып табылады. Әрбір жолданым жан-жақты зерделеніп, қабылданатын шешімдердің құқықтық негізділігіне және әкімшілік рәсімдердің сақталуына ерекше мән беріледі. Бұл өз кезегінде мемлекеттік орган қызметінің ашықтығын арттырып, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді саясат – тек мемлекеттік органдардың міндеті ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Заң талаптарын сақтау, адал еңбек ету, қоғамдық бақылауды дамыту және құқықтық мәдениетті қалыптастыру арқылы ғана сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын орнықтыруға болады.

Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департаменті алдағы уақытта да өз қызметінде заң үстемдігі, ашықтық, әділдік және кәсібилік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, жер заңнамасының сақталуын қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға және қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға бағытталған жұмысты дәйекті түрде жалғастыра бермек.

Заңға құрмет, адальдық пен жауапкершілік – тиімді мемлекеттік басқарудың ғана емес, елдің тұрақты дамуының және Әділетті Қазақстанды қалыптастырудың берік негізі.

**М. КУШЕКОВ**  
Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департамент басшысы

## МЕМЛЕКЕТТІК ОРМАН ҚОРЫ АУМАҒЫНДА ОРМАНДЫ ЖАНАМА ПАЙДАЛАНУ

Жанама пайдалану – бұл халық шаруашылығының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін орманның ағаштан басқа өнімдерін пайдалану. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жанама орман пайдаланудың марал өсіру, аң өсіру; ара ұялары мен омарталар орналастыру; көкөніс өсіру, бақша өсіру, бақ өсіру және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру; дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізат, жабайы жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер және басқа да азықтық өнімдер, мұқ, орман төсеніші және жерге түскен жапырақтар, қамыс дайындау және жинау; шөп шабу және мал жаю түрлері жүргізіледі. Орман ресурстары екі санатқа бөлініп, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді пайдалануға беріледі. Қысқа мерзімді пайдалану мемлекеттік орман иеленуші беретін орман билетінің негізінде бір жылға дейінгі мерзімге беріледі. Ұзақ мерзімді пайдалану мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер өткізуқағидаларына сәйкес тендер хаттамасының негізінде, кейіннен мемлекеттік орман иеленуші және орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қаражаты мен өндірістік қуаттары және тиісті мамандық иелері бар орман пайдаланушының арасында 10 жылдан 49 жылға дейінгі мерзімге шарт рәсімдей отырып

беріледі. Орман билетінде жер учаскесін пайдалану түрі, ауданы мен мерзімі, орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері көрсетіледі. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары облыстық мәслихаттың шешімімен бекітіледі. 2026 жылдың басынан бастап «Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-сі, Терөзек орманшылығында мал жаю, бау-бақша өсіру және омарталар мен ара ұяларын орналастыру билеттері жазылды. Орман билетін жазып беру үшін азаматтар белгіленген нысанға сәйкес портал арқылы [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) өтініш беруі қажет, орман пайдалану төлемақысының ставкаларына сәйкес қызметті төлеу қажет, мекемеге төлем төленгені туралы түбіртеккі ұсынғаннан кейін орман билеті толтырылады және өтініш берушіге беріледі. Қызмет көрсетуге өтініштер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09:00-ден 17:00-ге дейін, 13:00-ден 15:00-ге дейінгі түскі үзіліспен қабылданады.

**БИСЕМБАЕВА ГҮЛНАЗИЯ БИСЕМБАЙҚЫЗЫ**  
«Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме» КММ-сінің орман пайдалану инженері

## ӨРТ - ТІЛСІЗ ЖАУ

Көздің жауын алар табиғат, ол – орман. Орманның қоршаған ортаны қорғаудағы маңызы орасан зор. Табиғатты өрттен қорғау әрбір азаматтың борышы. Күз мезгілінде егістік алқаптарды айдау алдында сабан қалдықтарын өртегенде отты бақылаусыз қалдыруға болмайды. Жыл сайын аудан көлеміндегі күріштік алқаптарды тазалау кезінде шаруашылық басшылары және жауапты тұлғалардың жауапсыздығынан орман және дала өрттері пайда болып табиғатқа көп зиян келтіреді. Көп өрттер азаматтардың өрт қауіпсіздік ережелерін білмегендіктен және немқұрайлы қарағандықтан болады. Негізгі кез-келген жерде ашық отты пайдалануға қатаң тыйым салынады.

Орман және дала өрттері қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге үлкен нұқсан келтіреді. Орман және дала өрттері мал жайылымдарға, шабындықтарға, табиғатқа көрік беретін әсем ағаштар мен өсімдіктерге және онда мекен ететін жануарларға кері әсерін тигізеді. Табиғат байлығын қорғауда орман шаруашылығы мекемесінің атқаратын қызметі зор.

Құрметті табиғат пайдаланушылар мен жергілікті тұрғындар! Өзіміз өмір сүріп отырған табиғатымызды өрттен қорғауға бір кісідей ат салысып, орман және дала өрттеріне жол бермейік.

**«Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

## «ЕСІРТКІСІЗ АЙМАҚ» РЕЙДІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Бүгінгі күні жалпы қоғамның негізгі басты мәселелерінің бірі – есірткі. Есірткі бағыы замандардан келе жатқан дерт екені тарихтан белгілі. Биылғы жылы да «Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орманшы қызметкерлері өздеріне қарасты мемлекеттік орман қоры жерлерінде ағаштар мен бұталарды заңсыз кесулердің алдын алу, дәрілік өсімдіктер мен олардың бөліктерін заңсыз дайындау деректерін болдырмау, тыйым салынған есірткі тектес қара сора өсімдігін өсірмеудің алдын алу жұмыстары және басқа да орман заңнамаларының бұзылуына жол бермеу мақсатында жұмыстар жасауда. Олар жергілікті жерлердің, дария бойындағы және орман-тоғайдың қалың өскен жерлерін тексеру жұмыстарымен айналысуда. Сырдария ауданы прокуратурасымен әзірленген «Сырдария ауданы аймағында құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді егіп-өсіру қылмыстық құқық бұзушылықтарының алдын алу, анықтау және олар бойынша тиісті шаралар қолдану» жөніндегі 2026 жылға арналған іс-шара жоспарына сәйкес бүгінгі күндері аудан бойынша полиция қызметкерлерімен, ауылдық округтер әкімдік мамандарымен бірлескен рейдтер жүргізіліп жатыр. Жұмыс кезінде байланыс құралдары мен дрондар пайдаланылуда. Бүгінгі күнге дейін мекемеге қарасты орман қоры жерлерінде есірткі алқаптарының анықталу жағдайлары тіркелген жоқ. Дегенмен бұл жұмыстар жыл сайын жалғасын таба беретін болады. Есірткінің адам ағзасына зиянын ескере отырып, жерімізде осындай зияны ушан теңіз өсімдіктің өсуіне жол бермеу мақсатында жергілікті тұрғындарға және табиғат пайдаланушыларға айтарымыз, табиғат аясында жүрген кезіңізде өсіп тұрған есірткі өсімдігін көзіңіз шалып қалса, еш әрекетке бармай, дереу құзырлы орындарға хабарласуыңызды сұраймыз.

**«Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

## 2026 ЖЫЛҒЫ –III ТОҚСАНДАҒЫ АЛАМЕСЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ОСЫ МЕКЕМЕНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУДЫ ЖҮРГІЗУ КЕСТЕСІ

№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж	Азаматтарды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Есет Батыр ауылы	Тажибасев Даулеткерей Уразбекович	Аламесек ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі, жұма 10.00 ден 12.00-ге дейін	Есет Батыр ауылы, К.Әбішев көшесі №26 үйі	8 (724-31) 34-3-03

## ӨҢІРДЕ БІРҚАТАР СУДЬЯЛАР МЕН СОТ ТӨРАҒАЛАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қызылорда облыстық сотында өткізілген жалпы отырыста облыстық сот төрағасы Ө.Шығамбаев Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 09 маусымдағы №1312 Жарлығын сот ұжымына таныстырды.

Аталған Жарлықпен Қызылорда облыстық сотының судьялары болып Шәмшиев Рысдәулет Бекманұлы, Тоғызбаева Меруерт Қожабекқызы, Ахметова Эльмира Төреханқызы тағайындалды.

Қызылорда қаласының №2 сотының төрағасы болып Тұңғышбаев Исағали Өмірзақұлы, Жалаған аудандық сотының төрағасы болып Абдуқаликов Олжас Исаұлы тағайындалды.

Сонымен қатар Сержанов Санат Баймырзаұлы Қызылорда қаласының №2 сотының судьясы лауазымына жанадан тағайындалды.

Таныстыру рәсімінен кейін жанадан тағайындалған судья С.Сержанов ҚР Судьяларының антын қабылдады.

Облыстық соттың төрағасы судьялардың жаңа жұмысына сәттілік тіледі.

**Қысқаша мәлімет:**  
**Шәмшиев Рысдәулет Бекманұлы** – сот жүйесінде 2003 жылдан бастап, еңбек етіп келеді, 2009-2013 жылдары Қызылорда қалалық сотының судьясы, 2013-2020 жылдары Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы, 2020 жылдан бастап осы күнге дейін Қызылорда облысы Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы қызметін атқарған.

**Тоғызбаева Меруерт Қожабекқызы** - сот жүйесінде 2002 жылдан бастап еңбек етіп келеді, 2014-2023 жылдары Қызылорда қалалық

сотының судьясы, 2023 жылдан бастап осы күнге дейін Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы қызметін атқарған.

**Ахметова Эльмира Төреханқызы** - сот жүйесінде 2003 жылдан бастап еңбек етіп келеді, 2014 жылдан бастап осы күнге дейін Қызылорда қалалық сотының судьясы қызметін атқарған.

**Тұңғышбаев Исағали Өмірзақұлы** - сот жүйесінде 2001 жылдан бастап еңбек етіп келеді, 2017-2022 жылдары Жаңақорған аудандық сотының судьясы, 2022 жылдан бастап осы күнге дейін Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы қызметін атқарған.

**Абдуқаликов Олжас Исаұлы** - сот жүйесінде 2009 жылдан бастап еңбек етіп келеді, 2015-2025 жылдары қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы, 2025жылдан бастап осы күнге дейін Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы қызметін атқарған.

**Сержанов Санат Баймырзаұлы** - сот жүйесінде 2016 жылдан бастап еңбек етіп келеді, 2016-2021жылдары Қазалы аудандық соты кеңесінің жетекші маманы, 2021-2023 жылдары Қазалы аудандық соты әкімшісінің бас маман-сот отырысының хатшысы, 2023-2026 жылдары Шиели аудандық соты әкімшісінің басшысы қызметтерін атқарған.

**Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі**

## БАЛЫҚТАРДЫҢ УЫЛДЫРЫҚ ШАШУ МЕЗГІЛІНДЕ АУЛАУҒА ТЫЙЫМ САЛУ – ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ШАРАСЫ

Балық шаруашылығы – табиғи ресурстардың маңызды салаларының бірі. Алайда соңғы жылдары су айдындарындағы балық қорының азаюы алаңдатарлық деңгейге жетіп отыр. Мұның басты себептерінің бірі – балықтарды уылдырық шашу кезеңінде бақылаусыз аулау. Осыған байланысты балықтардың көбеюіне қолайлы жағдай жасау мақсатында уылдырық шашу мезгілінде балық аулауға тыйым салу аса маңызды экологиялық шара болып табылады.

Уылдырық шашу – балықтардың ұрпақ жалғастыру кезеңі. Бұл уақытта олар өзен-көлдердің белгілі бір аймақтарына жиналып, жұмыртқа шашады. Егер дәл осы кезеңде

балықтар жаппай ауланса, олардың табиғи жолмен көбею мүмкіндігі күрт төмендейді. Соның салдарынан балық саны азайып, экожүйе тепе-теңдігі бұзылады.

Тыйым салу шаралары балық популяциясын сақтап қалуға ғана емес, болашақ ұрпаққа табиғи байлықты жеткізуге де бағытталған. Бұл ережелер заңмен бекітіліп, 1 сәуір-10 маусым айлары аралығында барлық су айдындарында қатаң сақталуы тиіс. Сонымен қатар бұл талаптарды бұзғандарға айыппұл салынып, кей жағдайда қылмыстық жауапкершілікке де тартылады.

Балық аулауға тыйым салу тек мемлекеттік бақылаумен ғана шектел-

меуі керек. Әрбір азамат табиғатқа жауапкершілікпен қарап, заң талаптарын сақтауға міндетті. Әсіресе әуесқой балықшылар уылдырық шашу кезеңінің маңызын түсініп, бұл уақытта балық аулаудан бас тартуы қажет.

Қорытындылай келе, балықтардың уылдырық шашу мезгілінде аулауға тыйым салу – табиғатты қорғаудың тиімді жолдарының бірі. Бұл шара арқылы біз су айдындарындағы биологандық сақтап, келешек ұрпаққа бай табиғи мұра қалдыра аламыз.

**Н.МЕШТБАЕВ**  
**Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің балық маманы**

### МЕНШІК ИЕСІ:

«Желтоқсан и К» ЖШС

### Бас редактор

Сәрсенкүл Бәйдешқызы  
БИҚОЖАЕВА

**Бас редактордың орынбасары**  
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

### Редакцияның мекен-жайы:

Қызылорда қаласы  
Абай даңғылы, 59/1

**Телефон:** 23-16-08  
23-16-11

(E-mail: [a\\_akshamy@mail.ru](mailto:a_akshamy@mail.ru))

Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп

№14611-Г «7» қараша

2014 жылы күәлігі берілген.

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі

№1026-Г - 11.01.2000 ж

Газет аптасына бір рет жарық көреді

**ТАРАЛЫМЫ:** 4000

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет

Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.

**Мекен-жайы:** Қызылорда қаласы,

А.Байтұрсынов көшесі, №49

**Таралу аумағы:**

Қазақстан Республикасы

**Тапсырыс**

Газет бетіндегі жарияланымдардың

позициясы мен фактілері үшін

редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және

авторларға қайтарылмайды.

Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның

рұқсаты керек.

Сурет сапасына редакция жауап

бермейді

## АХАТОВТЫҢ САЯБАҒЫН ЕРГЕШБАЕВ АРАЛАДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев қала басшысы Н.Ахатовпен бірге қалалық мәдениет және демалыс саябағына барып, жазғы демалыс маусымында тұрғындардың, әсіресе балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін атқарылған жұмыстармен танысты.

Саябақ өткен жылы 6,3 млрд. теңгеге қайта жаңғыртылып, пайдалануға берілген болатын. Жалпы аумағы 6 гектар нысан құрылысын «Bi Global» ЖШС жүргізді. Қазір мұнда 21 аттракцион келушілерге қызмет көрсетуде.

Саябақты аралап шыққан аймақ басшысы аттракциондардың техникалық жағдайын, қауіпсіздік талаптарының сақталуын тексерді. Жауапты сала басшыларына келушілердің қауіпсіздігін басты назарда ұстауды, аттракциондарды техникалық тексерістен тұрақты өткізуді, қоғамдық тәртіп пен профилактикалық жұмыстарды күшейтуді, тазалық сақтауды және абаттандыруды тапсырды.

- «Ең бастысы – балаларымыздың қауіпсіздігін басты назарда ұстаңыздар.



Санитарлық талаптар қатаң сақталуы, айнала таза болуы тиіс. Әрбір аттракционның қасында техника қауіпсіздігіне жауап беретін арнайы нұсқаушы маманның барлығын жіті қадағалап тұруы өте маңызды. Қызметкерлерге қауіпсіздік ережелері түсіндірілуі қажет. Сондай-ақ тұрғындар арасында да түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу қауіптің алдын алады», – деді аймақ басшысы.

## ЕСЖАНОВ ҚЫТАЙЛАРМЕН КЕЛІСІМГЕ КЕЛІП ЖҮР

Қызылорда облысының білім басқармасының басшысы Аскарбек Есжанов, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінің директоры Абайбек Жүнісов Қытай Халық Республикасының Бейжің қаласында халықаралық білім беру саласындағы маңызды құжатқа қол қойды.

Төртжақты ынтымақтастық туралы меморандум Қызылорда облысының білім басқармасы, Чунцин электрондық ғылым және технологиялар кәсіптік университеті, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі және «Чунцин баспасы» компаниясы арасында жасалды.

Аталған келісім техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы әріптестікті нығайтуға, тәжірибе алмасуға және еңбек нарығына қажетті маман даярлауға бағытталған.

Меморандум аясында тараптар оқытушылар мен студенттер алмасуды, Қытайда білім алатын шетелдіктерді даярлау жүйесі дамыды, бірлескен оқу-тәжірибе орталықтарын, мамандандырылған шеберханалар құру көзделген. Екі тілде оқулықтар мен заманауи цифрлық білім

Кейінгі жылдары Мемлекет басшысының және Үкіметтің ерекше қолдауымен аймақтың білім беру саласында 46 заманауи нысан ел игілігіне табысталды. Олардың қатарында әкс аймақ басшысы, қазір Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен Қызылорда қаласында бой көтерген еліміздегі алғашқы «Құзыреттілік орталығы» да бар. Бүгінде орталық жастардың кәсіби дағдыларын шыңдауына, тұрақты жұмыспен қамтылуына оң ықпалын тигізіп келеді.

Беру ресурстары әзірленді. Сонымен қатар «Қытай тілі + кәсіптік дағдылар» бағдарламасы енгізілді. Өндірістік тәжірибеден өту, түлектерді жұмыспен қамту мүмкіндіктері кеңейтіліп, білім беру мен өндірісті ықпалдастыратын халықаралық жобалар іске асады.

Сапар Чунцин қаласындағы келіссөздермен жалғасып, білім беру және мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған бірқатар кездесу өткізу жоспарланған. Бұл жаңа бастамалар мен бірлескен жобаларға жол ашпақ.

## ЖҮСІПТІ «ЖҮРЕКТЕГІ ЖАПЫРАҒЫ»

Қызылордадағы «Достық үйінде» Парламент Сенатының депутаты, Президент сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті Азаматы Нұртөре Жүсіптің «Жүректегі жапырақ» атты кітабының таныстырылымы өтті.



Оған облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, Сенат депутаттары Бекбол Орынбасаров, Амангелді Есбай, зиялы қауым өкілдері және оқырмандар қатысты.

Іс-шарада кітапсүйер қауым өкілдері сөз сөйлеп, Қазақстан Жазушылар одағы Қызылорда облыстық филиалының өкілі Қаршыға Есімсейітова кітаптың көркемдік және тағалымдық мәніне тоқталды.

Сондай-ақ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері жыр шумақтарын оқып, кеш мазмұнын аша түсті.

Кездесуде кітап авторы Нұртөре Жүсіп оқырманмен пікір алмасып, жаңа туындының жазылу тарихы, ерекшеліктері мен қамтылған тақырыптары туралы айтты. Қатысушыларға кітапты сыйға тартты.

«Жүректегі жапырақ» қоғам, адам тағдыры, ұлттық құндылықтар мен өмір туралы толғаныстар топтастырылған. Автордың өмірден түйген ойлары, замандастары туралы жазбалары мен рухани тақырыптағы эсерлері қамтылған.

## ДӘРІГЕРЛЕРДІ ДӘРІПТЕГЕН МЕРЕКЕ

Қызылордадағы «Өнер орталығында» Медицина қызметкерлері күніне арналған «Ұлт саулығын ұлықтаған дәрігер» атты салтанатты шара өтті.

Президенттің, Үкіметтің қолдауымен 2022 жылдан бері аймағымыздың денсаулық сақтау саласына 625 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлініп, 41 медицина нысаны ел игілігіне берілді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында барлық ауданда 28 медицина нысаны салынды.

Облыс орталығында емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың, 400 және 500 келушіге арналған емханалардың, 200 орындық перинаталдық орталықтың құрылысы жүріп жатыр.

Алдағы жылдары тағы бірқатар медицина нысаны қайта жаңғыртылады.

Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, Парламент Сенатының депутаттары Нұртөре Жүсіп, Бекбол Орынбасаров, Амангелді Есбай, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері және сала ардагерлері қатысты.

Аймақ басшысы ұлт саулығын нығайтуда қажырлы еңбек етіп жүрген ақ халатты абзал жандарды құттықтады.

- «Денсаулығымыздың қорғаны, адам жанының арашасы, мейірім мен ізгіліктің жаршысы болған ақ халатты абзал жандардың еңбегі қашанда елеулі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ұлт саулығы – еліміз үшін бәрінен қымбат құндылық. Сондықтан медицина саласын дамыту мемлекеттің стратегиялық міндеті саналады. Осы орайда, дәрігердің ел өміріндегі орны айрықша екені сөзсіз» деген болатын.

Бүгінгі мерейлі мерекеге орай Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек

Нәлібаев Сіздерге арнайы құттықтауын жолдады.

Еліміздің денсаулық сақтау саласында ерен еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген сырбойылық дәрігерлерімізді ерекше мақтанышпен айтамыз.

жаңа түрі тәжірибеге енгізілді. Бұл – Сыр медицинасының мүмкіндігі мен мамандардың біліктілігін айқындайтын жарқын мысалдар. Дәрігер – ең ізгі, ең қастерлі мамандық иесі. Халыққа әрдайым адал қызмет етіп, абыройлы



Қазақстанның Еңбек Ері, Сыр перзенті Юрий Владимирович Пябесмыннан астам ашық жүрек отасын жасады. Еліміздің бас хирургі, профессор, жерлесіміз Болатбек Баймаханов жетекшілік еткен мамандар тобы медицина тарихында тұңғыш рет бір мезетте үш науқасқа үш донордың бүйрегін трансплантациялау бойынша аса күрделі операцияны сәтті жүзеге асырды. Болатбек Бимендіұлы кеше Президентіміздің қолынан екінші дәрежелі «Барыс» орденін алды. Жерлесімізді жоғары марапатымен барша Сыр жұртшылығының атынан құттықтаймын!

Былтыр облыс тарихында алғаш рет бауыр, 10 науқасқа бүйрек трансплантациясы жасалды. Отаның 6

болыңыздар!», – деді аймақ басшысы.

Ресімде саланың дамуына елеулі үлес қосқан мамандар «Парасат», «Құрмет» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат», Денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» медальдарымен, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағымен, Үкімет басшысының бірінші орынбасарының және облыс әкімінің Алғыс хаттарымен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Іс-шара соңында ардагерлерге гүл шоқтары тарту етіліп, мерекелік бағдарлама ұсынылды.

## «ІШІМДІКСІЗ АУЫЛ» АРАҚ САТПАЙДЫ

Ішкі істер министрлігінің нұсқауына сәйкес биылғы жылдың 15-19 маусым аралығында республика көлемінде «Ішімдіксіз ауыл» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарын күшейту, алкогольдік ішімдіктерді тұтыну салдарынан орын алатын құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың жолын кесу, сондай-ақ «Ішімдіксіз ауылдардың» санын арттыру болды.

Қызылорда облысында ауыл ақсақалдары, прокуратура, жергілікті атқарушы органдар, полиция қызметкерлері және белсенді жастардың бірлескен жұмысының нәтижесінде бұған дейін 39 ауыл «Ішімдіксіз ауыл» мәртебесіне ие болған еді.

Жүргізіліп жатқан іс-шара барысында тағы да 8 ауылдың тұрғындары алкоголь өнімдерін сатудан ерікті түрде бас тартты. Атап айтқанда Жаңақорған ауданындағы Аққұм және Манап ауылдары, Арал ауданындағы Үкілісай ауылы, Қармақшы ауданындағы Алдашбай ахан ауылы, Сырдария ауданындағы Ақжарма, А.Тоқмағамбетов және С.Сейфуллин ауылдары «Ішімдіксіз ауыл» бастамасын қолдады. Нәтижесінде облыстағы «Ішімдіксіз ауылдардың» саны 47-ге жетті.

Бұл елді мекендерде қоғамдық тәртіп нығайтып, құқық бұзушылықтар мен қылмыс деңгейінің төмендеуі байқалуда. Өсіресе тұрмыстық жанжалдар, қоғамдық орындардағы құқық бұзушылықтар

және алкогольдік ішімдіктерге байланысты келеңсіз оқиғалар азайған.

Іс-шара басталғалы облыс көлемінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 200-ші бабы бойынша алкоголь өнімдерін өткізу талаптарын бұзудың 18 дерегі және 440-бабы бойынша қоғамдық орындарға масаң күйде келудің 73 дерегі анықталып, құқық бұзушыларға қатысты әкімшілік шаралар қолданылды.

Полиция қызметкерлері Баймұрат батыр ауылында тұрғындармен, белсенді жастармен және ауыл ақсақалдарымен кезекті кездесу өткізді. Кездесудің негізгі мақсаты – «Ішімдіксіз ауыл» бастамасының маңыздылығын түсіндіру және ауыл тұрғындарын осы игі жобаға қолдау көрсетуге шақыру.

Халқы 2375 адамды құрайтын Баймұрат батыр ауылында 4 сауда орны бар. Кездесу барысында тұрғындарға алкоголь өнімдерінен бас тартудың қоғамдық қауіпсіздік пен тұрғындардың әл-ауқатына тигізетін оң әсері түсіндірілді.

«Ішімдіксіз ауыл» – тек алкогольден бас тарту ғана емес, ол қауіпсіздік пен тұрақтылықты, татулық пен қоғамдық тәртіпті нығайтатын маңызды қоғамдық бастама. Осындай игі істердің арқасында ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы жақсарып, жастарға үлгі болатын салауатты орта қалыптасады.

## ПОЛИЦЕЙЛЕР КӨШЕ СЫПЫРЫП ЖҮР

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Қызылорда облысы Полиция департаментінде аумақты абаттандыру және тазалықты сақтау мақсатында кезекті сенбілік ұйымдастырылды. Іс-шараға департаменттің құрылымдық бөлімшелері мен аудандық полиция

бөлімдерінің қызметкерлері белсенді қатысты.

Сенбілік барысында әкімшілік ғимараттар мен іргелес аумақтар тазартылып, жиналған қоқыс пен тұрмыстық қалдықтар шығарылды. Сонымен қатар санитарлық жұмыстар жүргізіліп, аумақты ретке келтіру шаралары атқарылды.

Іс-шараға Қызылорда облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Ерғешов Серік Жүрсінбайұлы арнайы қатысып, сенбілік жұмыстарының барысын аралап көрді. Ол жеке құрамның қоршаған ортаны таза ұстауға бағытталған бастамаларына оң бағасын беріп, мұндай шаралардың экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы маңызын атап өтті.

Тазалық – күнделікті мәдениет пен жауапкершіліктің көрінісі. Сондықтан тәртіп сақшылары үшін мұндай шаралар қоршаған ортаны таза ұстаумен қатар, тәртіп пен ұқыптылық қағидаттарын іс жүзінде насихаттауды бір үлгісі болып табылады.



## АҚТАУҒА ҰШАҚ ҰШАДЫ

«SCAT» әуе компаниясы «Ақтау – Қызылорда – Ақтау» бағыты бойынша субсидиялық жаңа әуе рейсін іске қосты. Алғашқы рейспен 146 жолаушы Қызылордаға келсе, дәл осындай жолаушы Ақтауға аттанды.

Жаңа бағыт рейстері «Boeing» әуе кемесімен аптасына екі рет – сәрсенбі және сенбі күндері ұшады. Ұшақ Ақтау қаласынан Қызылордаға сағат 16:00-де қонып, Қызылордадан Ақтауға сағат 17:00-де ұшып шығады. Билет құны бір бағытқа тұрақты түрде 25 000 теңге болады.

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен ұйымдастырылған алғашқы рейсті дестүрге сәйкес әуежайдағы су арқасымен салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Жаңа әуе бағыты өңіраралық байланысты нығайтып, жолаушылардың мүмкіндігін кеңейтеді. Сондай-ақ туристік және іскерлік байланыстарды дамытуға оң ықпал етеді.

## БАЛЫҚТЫҢ ДА ЕСЕБІ БАР...

Өңірде балық қорын сақтау мен су айдындарының экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған «Таза су айдындары» және «Уылдырық-2026» республикалық акциялары аясында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Табиғат қорғау шараларына мемлекеттік органдар, құқық қорғау құрылымдары және қоғам өкілдері жұмылдырылып, өңірдің су экожүйесін сақтауға бағытталған кешенді жұмыстар жүргізілді. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Жанқожа Сапаров брифинг берді.

Өңірімізде балық ресурстарын сақтау, су айдындарының экологиялық жағдайын жақсарту және табиғат пайдалану заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету бағытында кешенді жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Осы мақсатта өңірде республикалық «Таза су айдындары» табиғат қорғау акциясы мен «Уылдырық-2026» балық қорғау акциясы кең көлемде ұйымдастырылып, су айдындарын тазарту, заңсыз балық аулаудың алдын алу және балықтардың табиғи көбеюіне қолайлы жағдай жасау бағытында нақты нәтижелерге қол жеткізілді. «Таза су айдындары» акциясы барысында облыс аумағындағы өзен-көлдер мен балық шаруашылығы су айдындары қоқыстан тазартылды. Ақция басталғалы 397 адам, 68 арнайы техника және 5 шағын жүзу құралы тартылып, су айдындарынан 10 тоннадан астам тұрмыстық қалдық шығарылды. Сонымен қатар, балық қорына айтарлықтай қауіп төндіретін суда қалған 78 заңсыз ау қалдықтары анықталып, жойылды. Бұл жұмыстар су экожүйесін сауықтыруға және балықтардың табиғи мекендеу ортасын сақтауға мүмкіндік берді.

«Уылдырық-2026» балық қорғау акциясы кезінде өңірдегі су айдындарында балықтардың уылдырық шашу кезеңінде қорғау шаралары күшейтілді. Нәтижесінде заңсыз балық аулаудың ондаған дерегі анықталып, әкімшілік хаттамалар толтырылды, бірқатар істер сотқа жолданды. Құқық қорғау органдарының өндірісінде қылмыстық сипаттағы істер қаралуда. Заң бұзушылардан жүздеген келі заңсыз ауланған балық пен ондаған балық аулау құралдары тәркіленіп, табиғатқа келтірілген залалды өтеу бағытында жұмыстар жүргізілуде. Жалпы, аталған акциялар табиғи ресурстарды қорғау мәдениетін қалыптастыруға, браконьерлікке қарсы күресті күшейтуге және өңірдің балық қорын сақтауға бағытталған маңызды бастамалардың тиімділігін көрсетті. Су айдындарының тазалығы мен балық байлығын келер ұрпаққа аман жеткізу - тек жауапты органдардың ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті, - деді Жанқожа Рамбердіұлы.

## Аудан жаңалықтары

### «ЕЛ ҮМІТІ» СЫЙЛЫҒЫ 1 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ



Қазалы ауданындағы Мұстафа Матаев атындағы №170-ші орта мектептің жас түлегі Әбдібай Азамат Серікұлы республикалық «Ел Үміті» премиясының лауреаты атанды.

Астана қаласында өткен салтанатты марапаттау рәсімінде Азаматқа жоғары жетістіктері үшін 1 000 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық табысталды. Сыйлық Назарбаев Қоры мен Freedom Bank қолдауымен берілді.

Жас дарынның бұл жетістігі – оның табанды еңбегі мен білімге деген құштарлығының айқын нәтижесі.

Азаматтың жеңісі – білім ордасының ғана емес, ауданымыздың да мерейі. Дарынды жасқа алдағы уақытта жаңа жетістіктер, талағай табыстар мен жарқын болашақ тілейміз!

### ЕСМАХАНОВТЫҢ КЕНЕГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСІ

Қазалы ауданы әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу және кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстарын ұйымдастыру мәселелеріне арналған мәжіліс өтті.

Қазіргі таңда Қазалы ауданы бойынша Мәдениет, Басықара, Жанқожа батыр, Байғожа стансасы, №99 бекет, Ойынды және Алтай бекеті сынды 7 елді мекен табиғи ошақ (тәуекел аймағы) ретінде белгіленген. Осыған байланысты бұған дейін кешенді іс-шаралар жоспары бекітіліп, залалсыздандыру жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілді. Атап айтқанда бірінші кезең 27 сәуір мен 5 мамыр аралығында, ал екінші кезең 6–12 мамыр аралығында жүзеге асырылды.

Сонымен қатар осы жылдың 16 маусым күні Ү.Түктібаев ауылы мен Әйтеке би кентінде Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының болжамды жағдайлары тіркелген болатын.

Осыған байланысты маусым айында төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның екі отырысы өткізіліп, салалық мекемелерге хаттамалық тапсырмалар берілді. Соған сәйкес, 19 маусымнан бастап «Ала Комфорд» ЖШС тарапынан Ү.Түктібаев ауылында залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ хаттамалық тапсырмаға сәйкес Қеларық, Майдакөл, Ақжона және Аранды ауылдық округтеріндегі мал қоралары, аула аумақтары, мал жиналатын шаңлақтар мен суаттарды залалсыздандыру жұмыстарына қаржы бөлінді.

Қазіргі таңда Ақтан батыр, Бекарыстан би, Майдакөл, Аранды және Қожабақы ауылдарындағы мал қораларында механикалық тазалау жұмыстары жүргізілуде. Ағымдағы жылдың 21 маусымынан бастап Ақтан батыр ауылынан бастап алатын залалсыздандыру жұмыстары қолға алынады.

Мәжіліс барысында аудан басшысы елді мекендердегі санитарлық тазалықты күшейту, қора-жайлар мен аулаларды механикалық тазалауды жүйелі жүргізу, сондай-ақ мал бастарын толық қамту арқылы кенеге қарсы өңдеу жұмыстарын сапалы ұйымдастыру мәселелеріне тоқталды. Тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстарын жандандырып, ақпараттық материалдар тарату және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кең көлемде насихат жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

Жылы қорытындысында аудан әкімі аталған ауылдық округтердегі залалсыздандыру жұмыстарының барысын жеке бақылауына алатынын айтып, жауапты сала басшыларына дайындық деңгейін күшейту, қажетті дерлік қорды толық қамтамасыз ету және бекітілген жоспардың уақытылы әрі сапалы орындалуын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Қазалы ауданы аумағында Қырым-Конго геморрагиялық қызбасының алдын алу бағытындағы қабылданған тиісті шараларға сәйкес, Ақтан батыр, Бекарыстан би, Майдакөл, Аранды және Қожабақы ауылдарындағы мал қораларында механикалық тазалау жұмыстары басталуда.

Осыған орай аудан әкімі Алмасбек Есмаханов тиісті сал басшыларымен бірге Ақтан батыр ауылына арнайы барып, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу бағытындағы дайындық жұмыстарымен танысты.

Еллі мекенді аралау барысында ауылдағы санитарлық тазалықтың жай-күйін, мал қоралары мен қора-жайлардың, аула аумақтарының тазалығын көріп шықты. Ауыл өкіміне санитарлық тазалықты күшейтіп, қора-жайлар мен аулалардың тұрақты тазалығын қамтамасыз ету бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

Сонымен қатар ауыл өкіміне тұрғындар арасында кенеден қорғану, аурудың алдын алу шаралары жөніндегі түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігін атап өтті.

### ЖҮЛДЕГЕР ЖАЛАҒАШТЫҚТАР

Жалағаш ауданы әкімі Ардақ Ибраимов Қазақстан Республикасының VIII Халық ойындары аясында өткен облыстық іріктеу жарыстары мен республикалық долада жоғары нәтиже көрсеткен аудан спортшыларын қабылдап, құрмет көрсетті.

Кездесуге жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері, жаттықтырушылар және спорт саласының ардагерлері қатысты. Аудан әкімі жарыстарда жоғары нәтиже көрсеткен спортшылар мен олардың жаттықтырушыларына алғыс білдіріп, алдағы ойындарға талағай табыс тіледі.

Жалағаш ауданы абыройын асқатқатты. Осы орайда табандылық пен жоғары шеберліктің үлгісін көрсеткен барлық спортшыларға шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін. Еліміздің Туын асқатқатар, Өнұранымызды халықаралық аренада шырақтар азаматтарымыз көп болсын!», – деді аудан әкімі А.Ибраимов.

Осы жылдың 17-21 мамыр күндері

спорттың 11 түрінен сынға түскен аудан спортшылары жоғары нәтиже көрсетіп, жалпықоғамдық есепте III орынды иеленді.

Сондай-ақ, бірқатар спортшылар аудан намысын абыроймен қорғады. Атап айтқанда, жерлесіміз Берікұлы Әділбек қазақ күресінен жеке есепте I-ші орын иеленіп, жеңіс тұғырына көтерілді.

Сааттанатты жиында аудан әкімі жарыс

**Ауданда 14 мыңға жуық тұрғын бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысады. Бұл аудан халқының 39 пайызын құрайды. Сонымен қатар спорттың әр түрімен шұғылдануға арналған 145 спорт нысаны жұмыс істеп тұр. Аталған бағытта 180-ге жуық спорт маманы еңбек етуде.**



«Мемлекет басшысының, Үкіметтің және аймақ басшының қолдауымен өңір тұрғындарының спортпен шұғылдануына қолайлы жағдайлар жасалуда. Өткен жылы аудан орталығында дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен «Қазақстан халқына» қоры арқылы салынған Аққыр ауылдық округіндегі спорт кешені ел игілігіне табысталды. Сонымен қатар орталық стадион, Қазақстан футбол федерациясының «Алан» жобасы аясында жасанды алаң жаңартылды. Спорт саласына қолдау алдағы уақытта да тұрақты жалғасатын болады. Аудан спортшылары әлемдік және Азия чемпионаттары мен облыстық жарыстарда жоғары жетістіктерге қол жеткізуде. Халық ойындарына арналған облыстық іріктеу жарыс қорытындысы бойынша аудан спортшылары жоғары нәтижеге қол жеткізді.

Бірқатар спортшылар Түркістан қаласында өткен республикалық Халық

Қазақстан Республикасының VIII Халық ойындарына арналған облыстық іріктеу жарыстары өтті. Дүбірлі долада бес асық, асық ату, шахмат, гир спорты, баскетбол, қазақ күресі, шағын футбол, тоғызқұмалақ, үстел теннисі және қол күресі сынды

жүлдегерлері мен жаттықтырушыларын марапаттады. Жиында спорт саласының ардагерлері Мұрат Жаңабегенов пен Жанат Сейтенов сөз сөйлеп, аудан спортшының жетістіктеріне тоқталып, жас спортшыларға ақжарма тілектерін жеткізді.

### СЫРДАРИЯНЫҢ «ШАҒАН ЖЕРІ»



Аймақ басшысы Мұрат Нөлкөжаулының суды аз қамтамасыз ететін дақылдарды егу тапсырмасына сәйкес Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаев Шаған ауылындағы «Шаған Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жұмыстарын танысты.

«Шаған Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің негізгі

қызмет бағыты егін және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру болып табылады.

Қазіргі таңда шаруашылықта 230 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Сонымен қатар үлескерлер саны 1675 адамды құрайды.

Шаруашылықтың жалпы ауыл шаруашылығы жер көлемі 10 246 гектарды құрайды. Оның ішінде 4 500 гектары егістік жер, 4 064 гектары жайылымдық жер және 1 682 гектары өзге санаттағы жерлер. 2026 жылғы егіс науқанында шаруашылық тарапынан 2 250 гектар жерге күріш, 505 гектарға жүгері, 115 гектарға бидай және 213 гектарға жаңа жоңышқа егілген. Сонымен қатар, 790 гектар ескі жоңышқа алқабы күтіп бапталуда.

Жүгері дақылын орналастыру үшін қажетті 13,9 тонна жоғары сапалы тұқым сатып алынып, толық көлемде 505 гектар жерге себілген. Егіс жұмыстарына тұқым сепкіш, культиватор және өзге де ауыл шаруашылығы техникалары жұмылдырылған.

Кездесу барысында аудан әкімі ауыл шаруашылығы саласының аудан экономикасындағы маңыздылығын атап өтіп, егіс алқаптарындағы агротехникалық шараларды уақытылы әрі сапалы жүргізудің қажеттілігіне тоқталды. Сондай-ақ, шаруашылық ұжымына алдағы жұмыстарға сәттілік тілеп, өндірістік көрсеткіштерді арттыру бағытындағы міндеттерді назарда ұстау керектігін айтты.

шараларды уақытылы әрі сапалы жүргізудің қажеттілігіне тоқталды. Сондай-ақ, шаруашылық ұжымына алдағы жұмыстарға сәттілік тілеп, өндірістік көрсеткіштерді арттыру бағытындағы міндеттерді назарда ұстау керектігін айтты.

### АРДАГЕРЛЕРДІҢ АРАЛДАҒЫ АЛҚАЛЫ ЖИЫНЫ

Арал ауданына жұмыс сапарымен келген Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесінің мүшелері ауданның өндірістік және мәдени нысандарын аралап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысты.

Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев бастаған делегация құрамында облысқа қарасты аудандық ардагерлер кеңестерінің төрағалары мен мүшелері, салалық ардагерлер ұйымдарының өкілдері және қоғам өміріне белсене араласып жүрген ардагерлер болды.

Сапар аясында қонақтар алдымен Арал қаласындағы балық өңдеу саласының көшбасшы кәсіпорындарының бірі – «Арал сервистік дайындау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жұмысымен танысты. Кәсіпорынның өндірістік әлеуеті мен даму тарихы туралы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ә.Айымбетов кеңінен баяндап, зауыттың аудан экономикасындағы маңызына тоқталды.

Аталған кәсіпорын 2008 жылы бұрынғы «Аралрыбпром» зауытының орнына салынған. Ал өндіріс орны 2010 жылдан бастап толық қуатында жұмыс істеп келеді. Бүгінде мұнда өндірілген өнімдер еліміздің ішкі нарығымен қатар Еуропа мемлекеттеріне, Қытайға, Ресейге және Орталық Азия елдеріне экспортталауда.

Кәсіпорын балықтың филесі мен тұтас өнімдерін, ысталған және кептірілген балық түрлерін, балық фаршын, сондай-ақ мұздатылған өнімдерді шығарады. Өндірістік орталықтың жылдық қуаттылығы 5 мың тонна балық өнімін өңдеуге мүмкіндік береді.

**Арал ауданында ұйымдастырылған бұл тағалымды кездесу ардагерлердің тәжірибе алмасуына ғана емес, өңірдің өндірістік мүмкіндіктері мен тарихи-мәдени құндылықтарын кеңінен таныстыруға да мүмкіндік берді.**

Сонымен қатар зауыт халықаралық экологиялық талаптарға сай жұмыс істеп, қоршаған ортаны қорғау бағытындағы ISO 14001 экологиялық менеджмент стандартына сәйкес қызмет атқарады.

Бүгінде Арал ауданында жалпы жылдық қуаттылығы 30 мың тоннаға жуық өнім өндіретін 10 балық өңдеу кәсіпорны жұмыс істейді. Соның ішінде Еуропа нарығына өнім экспорттауға мүмкіндік беретін

арнайы «Еврокод» белгісіне ие екі кәсіпорынның бірі – осы «Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС болып табылады. Бұл кәсіпорынның халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын маңызды көрсеткіш.

Өндіріс орнын аралағаннан кейін ардагерлер қаладағы Балықшылар алейсында болып, теңіз тағдырымен біте қайнаскан өңір тарихымен және балықшы қауымының бай мұрасын жинақтаған Балықшылар мұражайымен танысты.

2012 жылдан бері келушілерге қызмет көрсетіп келе жатқан мәдени нысанда бүгінде 2500-ден астам құнды жәдігер сақталған. Мұражай экспозициялары Арал теңізінің ежелгі тарихынан бастап бүгінгі күнге дейінгі кезеңдерді қамтиды. Заманауи талаптарға сай жабдықталған ғимаратта мұражай залы, «Балықшылар» және «Кемелер» залы орналасқан.

Мұнда балық өнеркәсібінің қалыптасу және даму кезеңдері, балықшылардың тұрмыстық құралдары, кеме жабдықтары, сондай-ақ балық шаруашылығын дамытуға зор үлес қосқан жергілікті азаматтар туралы тарихи деректер қойылған.

Мұражай алаңында да келушілердің қызығу-

шылығын арттыратын көптеген жәдігерлер бар. Олардың қатарында ат және түйе шаналары, көне қайықтар, жылым тартуға арналған шығырлар, тарихи станоктар мен атақты капитандардың есімдері берілген кемелер қойылған.

Қонақтар музей қорындағы құнды мұраларды тамашалап, теңіз жағасында тіршілік кешкен балықшы халықтың өткені мен бүгінгі туралы мол мағлұмат алды. Олар Арал өңірінің бай тарихы мен балық шаруашылығы саласындағы жетістіктеріне жоғары бағаларын беріп, ауданның өндірістік әлеуеті мен мәдени мұрасының ерекшелігіне ерекше қызығушылық танытты.

\*\*\*

Арал ауданы әкімдігінің мәжіліс залында Қызылорда облыстық ардагерлер ұйымының тәжірибе алмасуға арналған көшпелі семинар-кеңесі өтті.

Алқалы жиынға облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев төрағалық етіп, игі бастамаға қолдау көрсетіп, барлық мүмкіндіктерді қарастырып жатқан ел азаматтарына ризашылығын білдіріп, ауданда соңғы жылдары атқарылып жатқан елеулі істерге қысқаша тоқталып өтті.

Жиынға аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев, облыс және аудан ардагерлер кеңестерінің мүшелері, қоғам қайраткерлері мен белсенді ардагерлер қатысты.

Семинар барысында ардагерлер ұйымдарының жұмыс тәжірибелерін талқылап, ұрпақтар сабақтастығын нығайту, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтау, жастар тәрбиесіне бағытталған жұмыстардың өзекті мәселелері сөз болды. Сонымен қатар ардагерлер ұйымдарының алдағы міндеттері айқындалып, озық тәжірибелерді кеңінен насихаттау мәселелері қаралды.

Жиында аудан әкімі Аманжол Сақыпұлы соңғы жылдары Арал ауданында жүзеге асқан әлеуметтік-экономикалық жобаларға тоқталып, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту бағытында атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Аудан тұрғындарының толықтай таза ауыз сумен қамтамасыз етілуі, газдандыру деңгейінің 72 пайызға жетуі, жаңа білім және денсаулық сақтау нысандарының пайдалануға берілуі, тұрғын үй құрылысының қарқынды жүргізілуі мен мәдени-спорттық инфрақұрылымның дамуы кеңінен айтылды.

Семинар-кеңес барысында облыстық ардагерлер кеңесінің жұмысы мен аймақ ардагерлер ұйымдарының алдағы міндеттері жөнінде облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев, Жанакорған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Жанакорған ауданының Құрметті Азаматы, Қызылорда облысының Құрметті Ардагері медалінің иегері Ө.Тақырбаев және облыстық білім саласы ардагерлер ұйымының төрағасы, Қызылорда облысының «Құрметті ардагері» медалінің иегері Ғ.Бекенов пен Қармақшы ауданының белсенді ардагері, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері, 5 кітаптың авторы Д.Нәзікбаевтар хабарлама жасады.

Пленарлық отырыста бірқатар ардагерлер қоғамдық жұмыстарға қосқан елеулі үлесі мен өңірдің дамуына сіңірген еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымы Орталық кеңесінің медальдарымен, Қызылорда облысының «Құрметті ардагері» медалімен және Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Көшпелі семинар-кеңес ардагерлер ұйымдарының өзара тәжірибе алмасуына, қоғамдық жұмыстардың тиімділігін арттыруға және аға буынның қоғамдағы белсенді ролін нығайтуға бағытталған маңызды алаңға айналды.

## “ШАКИЗАДАНЫҢ” ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ...



Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев пен облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов Қармақшы ауданына жұмыс сапары барысында Ақжар ауылындағы «Шакизада» шаруа қожалығының тыныс-тіршілігімен танысты. Шаруа қожалығы 2005 жылы құрыл-

ған. Қазіргі уақытта 50 гектар күріш, 77 гектар ескі жоңышқа, 0,5 гектар бақша және 70 гектар жүгері өскен. Мұнда 5 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Биыл Қармақшы ауданында 25 130 гектарға дақылдар егілді. Көктемгі егіске

21 ауыл шаруашылығы құрылымына 1 611,5 тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді.

Су үнемдеу технологияларын пайдаланып 600 гектар алпаққа, атап айтқанда, 19 гектарға тамшылатып суару, 581 гектар мал азықтық дақылдарына жаңбырлатып суару тәсілі қолданылады. Ұжымдық бақша жобасы аясындағы 420 гектарға 960 отбасын орналастыру жоспарланып, 260 гектар бақша, 63 гектар көкөніс және 97 гектар картоп егілді.

Биыл өңірде 185,8 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өткен жылмен салыстырғанда күріш егісінің көлемі 10,9 мың гектарға қысқартылған.

Ерте егілетін дақылдар, атап айтқанда, 7 541 гектар мақсары, 415 гектар жаздық арпа, 4 338 гектар жаздық бидай, 21 394 гектар жаңа жоңышқа, 428 гектар қант құмайы, 873 гектар судан шөбі, 409 гектар сүрлемдік жүгері, 373 гектар соя, 120 гектар мал азықтық асқабақ, 326 гектар тары, 1 338 гектар картоп, 6 687 гектар көкөніс және 8 501 гектар бақша егілді.

## ОҢ ДИНАМИКА ҚАЛЫПТАСҚАН

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетовтің Қармақшы ауданына жұмыс сапары аясында Жосалы кентіндегі «Руханият орталығында» аудан активінің жиыны өтті. Онда өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму бағыттары мен алдағы міндеттер талқыланды.

Аймақ басшысы бірқатар өзекті мәселеге тоқталып, салық базасын ұлғайту, шетелдік инвесторлармен келіссөз жүргізу, су үнемдеу технологияларын енгізу, құрылыс сапасын бақылауды күшейту және газдандыру деңгейін арттыру бойынша нақты тапсырмалар берді.

«Ауданның қаңтар-мамыр айларындағы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінде оң динамика қалыптасқан. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуде салық базасын ұлғайту ерекше маңызға ие. Кент және ауылдық округ әкімдері осы ретте жүйелі жұмыс жүргізуі тиіс. Ішкі мүмкіндіктер мен экономикалық әлеуетті тиімді пайдалана отырып, жаңа инвестициялық жобаларды қолға алу қажет.

2023 жылдан бері күріш егісінің көлемі 1 158 гектарға қысқарды. Ауданда 33 шаруашылық каналы бар болса, соның 9-на жоба-сметалық құжаттама әзірлеу жоспарланған. Суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беруді тапсырамын. Жобаларды әзірлеп, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп

жұмыс жасаңыздар», – деді облыс әкімі. Кейінгі төрт жылда Қармақшы ауданында 267 пәтер берілген. Тұрғын үй құрылысы биыл да жалғасады. Жауапты басшылар құрылыс сапасына бақылауды күшейтуі керек.

Қармақшыда газдандыру көрсеткіші 79,2 пайыз, бүгінде Ііркөл және Төребай би ауылдарына табиғи газ қосу қарқынды жүргізілуде. Аймақ басшысы облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасымен бірлесіп, басқа ауылдарға да кезең-кезеңімен газ жеткізуді тапсырды.

«Жасыл даму» акционерлік қоғамының қаржыландыруымен өңірде 98,7 млрд. теңгеге 9 жоба іске асырылуда. Қармақшы ауданында «Грин Орда Проект» серіктестігінің жобасы жоспарланған. Алдағы уақытта жұмыс қарқынды арттырып, екінші кезең сараптамасына құжат тапсыру керек.

Бұдан бөлек жауапты тұлғаларға қоғамдық тәртіпті нығайту және Конго-Қырым гемморгиялық қызбасы бойынша эпидемиологиялық ахуалды тұрақты бақылауда ұстау міндеттелді.

Кездесуде тұрғындар мен ауыл ақсақалдары өзекті мәселелерді көтеріп, ұсыныстарын ортаға салды.

Осы сапарда аймақ басшысы қармақшылық үздік оқушылармен кездесіп, олардың ұстаздарымен бірлесіп жасаған қолөнер бұйымдарын және заманауи технологияларды пайдалана отырып жүзеге асырған тың жобаларының көрмесін тамашалады.

## КҮНДІЗ ДЕ, ТҮНДЕ ДЕ, ЫСТЫҚТА ДА, СУЫҚТА ДА ПОЛИЦИЯ – ҚОРҒАНЫҢ...

Мемлекет басшысы айқындаған «Зан және тәртіп» қағидатын жүзеге асыруда ішкі істер органдарының рөлі ерекше. Қазіргі таңда полиция қызметін жаңғырту, сервистік модельді дамыту, цифрлық технологияларды енгізу және халықпен өзара сенімді нығайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар бұл күн бейбіт уақытта қазақстандықтардың тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін өз өмірлерін құрбан еткендерге құрмет көрсету күні болып саналады.

Осы күні егеменді елімізде Қазақстан полициясының іргетасын қалаған ардагерлерге құрмет көрсетіп, тыныштық пен азаматтардың қауіпсіздігін сақтауда жан қиған әріптестерімізді еске аламыз.

Осы орайда олардың ерліктерін ұлықтау мақсатында облыс бойынша «Жас сақшы» полиция сыныптарында 150-ге жуық оқушы тәлім алуға, оның ішінде 50 оқушымыз мектепті үздік аяқтады.

Қызылорда облысы Полиция департаменті Жалағаш ауданы полиция бөлімінде ағымдағы жылы 7 мамыр мерекесі қарсаңында ішкі істер органдарының ардагерлерінің құрметіне «Ардагерлер аллеясы» ашылды. Жалпы облыс бойынша ардагерлер ұйымында 2500-ден астам ардагер-зейнеткерлер тіркелген.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен заңдылықты сақтау жолында полиция қызметкерлерінің атқаратын міндеттері ерекше. Қызметтік міндеттермен қатар жеке құрам арасында жүргізілетін идеологиялық жұмыстар да маңызды орын алады. Бұл жұмыстардың басты мақсаты – қызметкерлердің кәсіби мәдениетін, патриоттық рухын, моральдық-психологиялық тұрақтылығын нығайту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру.

Идеологиялық бағыттағы жұмыстар аясында полиция қызметкерлерімен тұрақты түрде кездесулер, дәрістер, семинарлар, дөңгелек үстелдер және тарбиелік іс-шаралар өткізіледі. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасын түсіндіру, мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын насихаттау, қызметтік әдеп нормаларын сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Жеке құрам арасында құқықтық мәдениетті арттыру, қызметтік тәртіпті нығайту, кәсіби этиканы қалыптастыру бағытында ардагерлермен кездесулер ұйымдастырылып, олардың өмірлік тәжірибесі мен өнегелі жолы жас қызметкерлерге үлгі ретінде насихатталады. Мұндай іс-шаралар ұрпақтар сабақтастығын сақтауға және полиция қызметінің беделін арттыруға ықпал етеді.

Сондай-ақ, қызметкерлердің психологиялық жай-күйін тұрақтандыру, ұжымдағы өзара сыйластық пен бірлікті нығайту мақсатында мәдени-көпшілік және спорттық шаралар тұрақты өткізіліп келеді.

Қызылорда облысы Полиция департаменті Жылдам қимылдайтын арнайы жасағы қызметкерлері жыл көлемінде спорттық жарыстар бойынша 5 мәрте халықаралық жарыстарға және 9 мәрте Қазақстан Республикасының чемпионаттарына қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Бүгінде полиция қызметкерлері «Заң және Тәртіп» қағидатын басшылыққа ала отырып, қоғам тыныштығын қамтамасыз ету жолында адал қызмет атқаруда. Идеологиялық жұмыстардың тиімді жүргізілуі

жеке құрамның кәсіби дайындығын арттырып қана қоймай, халықтың полицияға деген сенімін нығайтуға да өз үлесін қосады.

Ел қауіпсіздігі мен азаматтардың тыныштығы жолындағы қызмет – үлкен жауапкершілік. Сондықтан полиция органдарындағы идеологиялық жұмыстар алдағы уақытта да өз маңызын жоғалтпай, қызметкерлердің кәсіби және адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағыттала берсін.

Мемлекетбасшысының «Халыққа жақын полиция» қағидатын орындау аясында тиісті жұмыстар жасалуда.

Сол бағыттағы жұмыстардың бірі облыстық қан орталығымен біздің қызметкерлер тығыз байланыста жұмыстар атқарып келеді. Белгіленген уақыт аралығында 200-ден астам полиция қызметкерлері ерікті түрде донор болуда.

Полиция қызметінің басты мақсаты – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтық тәртіпті сақтау және халыққа сапалы қызмет көрсету. Бүгінде полиция қызметкерлері тұрғындармен ашық байланыс орнатуға, олардың өтініштері мен ұсыныстарына жедел жауап беруге ерекше көңіл бөледі.

Полиция қызметкерлері – халыққа жақын қағидаты аясында учаскелік инспекторлардың жұмысы күшейтіліп, тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізіліп келеді. Тіпті полиция қызметкерлер халыққа жақын екенін көрсету үшін қоғамдық орындарда, парктелде, саябақтарда мерекелік іс-шаралар, фото көрмелер де өткізіп полиция жұмысын көрсетудеміз.

Сонымен қатар полицияның ішкі жұмыстарын көрсетіп «Ашық есік» күндерін де өткізіп жатырмыз.

Жалпы қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмысқа қарсы күрес, тұрғындарды қауіп-қатерден қорғау үшін Полиция департаментінің материалдық-техникалық жағдайының жақсаруына жергілікті атқарушы органдардың көмегі зор.

Қолдау көрсеткен облыс әкімдігі мен жергілікті атқарушы орган басшыларына алғысымызды білдіреміз.

Ішкі істер министрлігінің бастауымен ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі жол картасы қабылданып, оның шеңберінде қызметкерлердің әлеуметтік жағдайы да едәуір жақсарды, жалақысы көбейді, тұрғын үйді жалға алғаны үшін өтемақы алатын қызметкерлердің тізімі артты.

Сол себептен полиция қызметкерлері антына адал қызмет атқаруы тиіс.

Біздің әріптестеріміз күндіз де, түнде де, ыстықта да, суықта да қоғамдық қауіпсіздікті сақтап, азаматтардың құқығы мен тыныштығы үшін аянбай еңбек етіп келеді.

Барлық әріптестеріміз Полиция департаменті басшылығының атынан Полиция күні мерекесімен құттықтаймын.

Сіздерге зор денсаулық, халқымыздың бейбітшілігі мен тыныштығы, Қазақстанның өркендеу жолындағы қызметтеріңізге табыс тілеймін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, шаңырағымыз ырыс-несібеге толысын!

**С.ТОҚТЫБАЕВ**

Қызылорда облысының Полиция департаменті басшысының бірінші орынбасары

## “ТӨРЕБАЙ БИ” ГАЗҒА ҚОСЫЛАДЫ



Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов Қармақшы ауданына жұмыс сапары кезінде Төребай би ауылының тұрғындарымен кездесіп, газ желісін тарту жұмыстарының барысымен танысты.

Осы уақытта құбыр мен ішкі тарату желілері жүргізілуде. «Asia Story KZ» және «Grand Structure Engineering» серіктестіктері қолға алған жобаға 479,5 млн. теңге бөлінген.

Ауылдарға «көгілдір отын» жеткізу Қазақстан Республикасын газдандырудың 2023-2030 жылдарға арналған бас схемасына, Қызылорда облысын газдандырудың 2023-2027 жылдарға арналған егжей-тегжейлі жоспарына сүйеніп атқарылады.

Өткен жылдың қорытындысымен өңірді газдандыру көрсеткіші 83 пайызға жетті. Бүгінде 4 қала және 56 елді мекен табиғи газға қосылған.

Биыл 14 жобаны іске асыруға 4,9 млрд. теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде 2-еуі – өтпелі, 12-сі – жаңа жоба, 10 елді мекен тұрғындары табиғи газға қол жеткізеді. Осылайша газдандырылған елді мекен саны 66-ға, өңірді газбен қамту 85 пайызға дейін артады.

Газдандыруды одан әрі жалғастыру үшін 15 млрд. теңгенің 9 жобасы әзірленіп, қаржыландыруға ұсынылды. Қолдау тапқан соң қосымша 11 ауылды табиғи газға қосу жоспарланған.

Бұдан бөлек «QazaqGaz Aimaq» АҚ-ның 2026-2030 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасымен Жаңақорған ауданындағы 6 елді мекенді газдандыру көзделіп отыр.

## СУҒА ШОМЫЛУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН АЛПЫСТАН АСТАМ АЙМАҚТА 398 ЕСКЕРТУ БАР

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2026 жылғы 3 наурыздағы №123 бұйрығына және Департамент бастығының 2026 жылғы 6 сәуірдегі №71 бұйрығына сәйкес облыс аумағындағы су айдындарында күнделікті рейдтік жұмыстар ұйымдастырылуда.

Тағы да маңызды іс-шаралардың бірі бұл – профилактикалық және рейд жұмыстары. Департаменттің ұйымдастыруымен жергілікті атқарушы органдар, полиция қызметкерлері, блогерлер, еріктілер, құзырлы мекемелермен, ерікті ұйымдармен бірлесіп БАҚ өкілдерінің қатысуымен жыл 12 ай су айдындарында профилактикалық, рейд жұмыстары ұйымдастырылып келеді.

2026 жылғы шомылу маусымы кезеңінде рейд жұмыстары барысында «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексінің 412 бабы бойынша судағы қауіпсіздік қағидаларын бұзған 18 жеке тұлғаға 272 478 айыппұл салынды.

Облыс аумағындағы су айдындарында жыл басынан 410 рейдтік жұмыстар жүргізіліп, 14 954 тұрғынға, оның ішінде 7 мыңнан астам жасөспірімге судағы қауіпсіздік ережелері туралы түсіндіріліп және ұнпарақтар таратылды. Сондай-ақ аталмыш профилактикалық жұмыстарға 210 ерікті жұмылдырылды.

Адамдар көп шоғырланған орындарда дауыс зорайтқыштар арқылы және LED экрандарда, сондай-ақ, әлеуметтік желілерде үгіт-насихат шаралары жүргізілуде.

Облыстың 38 752 оқушысын қамти отырып, 238 интерактивті және ашық сабақ өткізілді. Балалар жазғы демалыс кезінде (каникул) қауіпсіздік ережелерін еске салу мақсатында тұрақты түрде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, «WhatsApp» мессенджері арқылы оқушылардың ата-аналарына бейнероликтер мен жадынамалар жолдануда.

Әлеуметтік желілерде 325 мақала мен 230 бейнеролик жарияланды. 9 брифинг ұйымдастырылды, республикалық, облыстық телеарналарда 38 сұхбат, баспа басылымдарында 69 мақала жарияланды.

Алдағы уақытта атқарылып жатқан жұмыстар жалғасатын болады.

**Ж.ДОСЫМОВ**

Төтенше жағдайлар департаментінің Төтенше жағдайларды жою басқармасының бастығы

## ОТБАСЫНА ҚАМҚОРЛЫҒЫ ҮШІН ҮШ БӨЛМЕЛІ ПӘТЕР

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен «Әке тәрбиесі – ұлттың рухани діңгегі» атты облыстық әкелер форумы өтті. Оған «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Бекдайыр Күзембай, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, аудандардан келген, түрлі салада табысқа жетіп, кәсіби мен еңбегі арқылы елге үлгі болып

жүрген азаматтар қатысты. Форумда сөйлеген облыс әкімі М.Ерғешбаев: - Биыл әкелер форумы төртінші мәрте ұйымдастырылуда. Бұл – ұлттық құндылықтарды дәріптеп, ер азаматтың отбасы мен қоғамдағы мәртебесін арттыруға бағытталған маңызды алаң. «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Әке жауапкершілігі – отбасының беріктігі мен ұрпақ тәрбиесінің негізі. Біздің

қоғамда әкенің рөлін арттыру, оның отбасындағы беделін нығайту – өте маңызды міндет» деген болатын. Ұлттың сапасы, болашақ ұрпақтың азаматтық болмысы әкенің берген тәрбиесіне тікелей байланысты. Жаңа Конституциямызда «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады» деп нақты көрсетілген. Бұл отбасы құндылықтары мемлекеттік саясаттың негізгі өзегіне айналғанын айқын дәлелдейді. Әке – тек отбасын асыраушы емес, баланы жауапкершілікке, еңбекқорлыққа және Отанға деген сүйіспеншілікке баулитын алғашқы мектеп.

Баланың болашағына әсер ететін ең қуатты күш – отбасындағы тәрбие, әкенің өнегесі. Сондықтан, «Адал адам», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» секілді мемлекеттік бастамаларды қоғамда орнықтыру ең алдымен отбасынан басталуы тиіс. Баршаңызды ел мүддесіне адал қызмет етуге және ұрпақ тәрбиесіне

зор жауапкершілікпен қарауға шақырамын», – деді.

Іс-шарада отбасы құндылықтарын насихаттап, өскелең ұрпақ тәрбиесіне елеулі үлес қосып жүрген әкелер облыс әкімінің Алғыс хатымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Бекдайыр Нығметұлы, ішкі істер органдарының ардагері Әмірбек Бердібекұлы, жас ақын, республикалық Ғани Мұратбаев атындағы жастар сыйлығының иегері Ақжол Ғабитұлы, өнегелі әке Дәулет Амангелдіұлы тақырып аясында мазмұнды баяндама жасады. «Қазақстан дауысы – 2023» жобасының финалисі Нұрислам Тілеухан әсем ән орындап, оған қоғамдық бірлестік атынан смарт-теледидар сыйға берілді.

Форумда «Қызылорда» супермаркетінің жұмысшысы Камалов Жандос Құдайбергенұлына үш бөлмелі пәтердің кілті табысталды. Жандос Құдайбергенұлы – мүмкіндігі шектеулі жұбайына және екі баласына қамқор болып отырған ардақты әке.



Кітапхана



Мұхтар МАФАУИН

жылқы бағып жүрген жерінде тұтқиылдан ұсталды. Қатерлі жау арнайы күзетпен қажетті жерге жеткізіліп, тиісті жауапқа тартылған.

Неміс шпионы, немісшесі тұрыпты ғой, ағылшынша да, французша да жақсы біледі екен. Ал орысша, қазақшаға бірдей. Және бір ғажабы, қазақша еркін, тіпті шешен сөйлегенімен, жазаламайды: керісінше, орысша біле тұра сөйлегісі келмейді, тек жазады. Жазғанда, бір бет, екі бет емес, тұтас бір дәптер. Кітап десе болғандай. Колхоздың баққан малы, еккен егін, жұмсаған қаржысы тіркелетін, үсті жыпырлаған таңба, етегі айдақ-сойдақ сызықты, арнайы

заман деген аумалы-төкпелі, қателесіп кетуіміз ғажап емес. Сонымен, неміс шпионы жазған өмірбаяндық (немесе ойдан қиыстырылған) хикаят, еркін аударып, долбарлап көшіргенде төмендегідей болып шықты.

\*\*\*

Өкем өлді. Ғұмыр бойы таза жүрген, адал тұрған, құлдыққа да, қорлыққа да көнбеген, тірі пендеге жақсылықтан басқа жасамаған Сыпатай мырза ұжмақтың төріне сапар шекті. Армансыз кетті. Арманы жоқ деді. Көңілінде жалғыз-ақ түйткіл бар — үлкен ұлының өлі-тірісінен хабар ала алмай барады. О дүниеде табысары сөзсіз, бірақ өкем сонау 1907 жылы каторғаға кеткен бейбақтың төңкеріс жылдарында Итжеккеннен аман шыққанына сенеді. Одан соңғы жерде бұрынғыдан да асқан қырғандар болды, Ыбырай мырза соның бәрінен де өткен сияқты. Отыз екі жыл бойы айтапқан сөзі. Көкірегіңде тұнған қайғы-зар тәсілім сәтінде қайта қоздады. Басында мүлгі елбіреп, тумаса да туғаннан артық болған бел баласы

дүңгене ажалға өздері сұранып тұрды. Жазықсыз жапа шеккен, өркенді ғұмырын жойған барлық туыстарымның қаны үшін, асыл өкемнің намысы үшін құрбанға шалып жіберген жақсы-ақ еді. Бірақ мен күне арқаалағым келмеді. Үшінші — дағыстандық жігіт ақкөңіл, мейібан адам екен. Өрине, әйелі бар, балалары бар, мүмкін, ата-анасы да бар—құдай алдында нақақ қан арқаалауға батпадым. Бірақ бұларды жіберуге де болмайтын еді. Қайта айналды келді, менің бейбіт өмірім бұзылады. Амал не, жібердім. Адамсаламат өзіне. Бірақ тағы да дөтім шыдамады, мүмкін, ең үлкен қателігім де осы болар — жол нұсқадым. Әйтсе де істің анығын білмек үшін алыстан қара шалып төрт күн бақтым. Жаңдайшап қазақ жершіл әрі иттей төзімді болып шықты. Ел шетіне ілінері анық байқалды. Өлі де кеш емес еді. Бірақ мен бөгет жасамадым. Мүмкін, ұям ашылғанын сылтау етіп, жалғыздықтан құтылғым келген шығар. Білмеймін... Құтты ордама қайта оралған сәтте, өрине, қатты өкіндім. Бірақ кеш еді. Өзім

Кершілер кіріп шықты, ауыл түгел хабарланған сияқты. Қарапайым жұрт арамдықтан ада, бірақ өте әуесқой келеді. Мені қазақ дегенге кім сенер. Ең үлкен куәлігім — Жансалқамның әкесі деген сөз. «Туған ағам. Өкеміз Қызылжардан алған бір шешеміз ноғай еді, содан туған», - деп қойыпты. Ақылыңнан айналдым. Мұнысы қисынға жуық, «Қалада тұрады. Демалысқа келді», - деді тағы бір сөзінде. Бұған ешкім сенбесе керек. Өрине, жер астынан өнді немесе іргедегі Бетпақтың қақ ортасынан шықты деп те ешкім ойламайды. Әйтеуір бір жақтан келді. Қайдан? Өрине, түрмеден. Ендеше өз адамымыз. Қазақ түрмеден өткен кісіге күмәнмен емес, жанашырлықпен, сеніммен қарайтын халге жетіпті. Ешкім қазбаламады. Тек ферма бастық қана, сөлемдесе кірген болып сыр тартқан. Менің Бетпақ жайынан, Сарысу бойы, тіпті, арыдағы Ұлытау, Көкшетау, Қызылжар тарабынан да жақсы хабардар екенімді аңдаған соң көңілі орнықты. «Айсалқамның туысы екені рас, бірақ түрмеден келді» деп шешкен сияқты. «Енді осы ауылда қалатын шығарсыз, баланды тұрмысқа кетті, қарындасыңыз жалғыз... қиын ғой», - деген. Содан соң ауылда байы соғыста өлген жас келіншектердің көптігін, еркектің қадірі зорлығын айтып, ойқастап отырып, менің бойдақтығымды анықтаған. Қауіптен бастап едім — ферма бастықтың өз есебі бар екен — бұл ауылда малшы жетіспейді, әсіресе жылқы мен түйенің жайы қиын болып тұр... Қой деген, сиыр деген сіздей азаматқа қол емес... Мен қуанып кеттім. Бірақ сыр бермедім. Қарындасымның шиттей бала-шағасын жеткізуге көмек керігін өзім де аңдап отырмын, әйтсе де ойланайын дегем. Отыз жылғы ауыр еңбектен шаршаппын, аз-маз тынығайын дегем. Осыған тоқтадым.

# САРЫ ҚАЗАҚ

роман

түптелген, мұқабалы, табақтай сары кітап. Төбесін астына түсіріп, аяғын үстіне келтіріп, теріс жағынан бастап жазыпты. Соның өзіннен-ақ жаудың жат пығылы танылған. Ең сорақысы бұл — қазіргіше емес, ескіше жазу еді, яғни, патшалық теріп кезіндегі «ятъ» дей ме, бұғанасы шығып, Белонің бұылған «е» ме, сол баяғы заман кітаптарындай. Буржуялардың көңілге тоқ, көзге алдамшы, ирек-ирек хұсн-хаты. Шпион әуелде ештеңені мойындамаған. Тіпті, қазақша ғана сөйледі. Бірақ біздің чекистердің қолындағы деректі айғақ — сырттай қарағанда бейкүнә көрінген, мұқабасында «Книга учета» дейтін жапсырмасы бар қисап кітабы мойын бұрғызбады. Ал сонша бейнеттеніп, неге тұтас бір кітапты толтырып шықты десек, ол да аяйқы: шпион өрісі тарылғаннан, қайда барса құтылмайтынын аңдаған, аңдаған да, өзін ақтайтын, ақтайтын емес, басқа біреу етіп көрсететін деректер жинастыра бастаған. Міне, гөп қайда! Бірақ осы жазу өзінің түбіне жетті. Шалақазақпын, татармын, қазақ арасына бұрыннан сіңген тағы бірдеңемін деп табандап отырып алса, тергеу ісі тығырыққа тірелмегенімен, бірталай қосымша қиындыққа ұшырайтын еді. Шпионның орысша сауаты, қаскүнемдік іске тым өріден — революция кезеңінен бастап арнайы дайындалғаны белгілі болған соң, неміс, француз, ағылшын тілдеріне де жеткілігі оңай анықталған. Сөйтіп, түйін шешіліп, шығыршық тарқатыла келе, біздің қырағы да қайратты, ақылды да парасатты чекистер қаскөй дұшпанның тағы бір ордасын талқандады. Иә, Біз жауды әшкерелеуге колхоздың басы аяғына қайрылып төңкерілген қисап кінегесі себел болды дедік. Себел болды, өзіннен өзін ашып берген жоқ. Оны айтасыз, осы дүкімет дұрыс оқылмағанда, мәселенің мүлде басқа бағытқа көшіп кетуі де ықтимал еді. Яғни, септесу үшін аса күрделі жұмбақты шешу керек болды. Осы шаруаға қатысты, бізге тілектес, ағайындас азаматтар, — бұл тарапта қызмет атқаратын жұрт ішінде ақылды, парасатты жігіттер өлі де көп, солар арқылы жартылай ресми, жартылай жең ұшынан жалғасып дегендей, әлгі аталыш «Книга учетамен» мұқият танысып шыққан соң, біздің чекистердің, шынында да аса күрделі мәселеге жолыққанына көзім жетті. Мүмкін, шпионның қағазға түсіргені — өз өмірі, немесе ойдан құрылған ақталу хикаясы емес, кәдімгі көркем туынды шығар деген пікір туған. «Әдебиетке өркімнің бар таласы», — деп еді, мен осыдан біраз бұрын, баспада тәуір орында отырғанда алдыма келген, қырық жыл бойы жоғары партиялық басшылық қызметте болып, дербес пенсияға шыққан соң сөз өнеріне бейімдігін аңдаған, «Жалындаған жастық шақ», «Кемел замандағы көрөмет істер» дейтін, қос кітаптан тұратын естелік роман жазып екелген советтік бір қария. Өзінің бастан кешкен немесе кешпеген өмірі туралы шпионның да роман жазғысы келуі ықтимал ғой. Шытырман хикаясы, кесек оқиға, келісті суреттері болмаса да, әуестен, қызға оқыдым. Жарыққа шықпағы ләзім деген ойға бекідім. Бірақ... өңдесе, өзгерте... тұрпаты бұзылмақ, Оқиғаға қоспай, ойын үстемелемей, суреттерін қоюлатпай, сол жазылған қалпында ұсынғанды жөн көрдік. Алайда, жазбаны тұтасымен орыс тілінде беру ықпалсыз, біреудің еңбегін нақпа-нақ иелене салу өбес, және біздің оқырманмыз қазақ қой. Оның үстіне, жат көзқараста адам, елпеп тігісін жатқызбасақ, бұл

мен отырмай. Бірақ Сыпатай мырза қысылып, сандырақтаған кезінде де тұңғышы Ыбырайды ғана ауызға алды. Атап шақырды, аймалап құшақтады. Мені. Иә. Мен — Ыбыраймын дедім. Қасындамын. Ешқайда кеткем жоқ. Өкем тыншыды. Менің бетіме жанары жасаурай, тіке қарап тұрып, жымып күлді. Ризамын деген. Ақтаның ата қарызын. Алла жолыңды оңғарсын. Жөніңді тап. Жапанда қалдың. Енді қайтесің... Жалғызым-... деп барып сылқ түсті. Жалғызы кім? Бұдан қырық жыл бұрын Сібірде сүйегі қураған Ыбырай мырза ма? Онда екінші баласы Сілаәмбек қайда қалады? Жоқ. Мен едім. Жалғызы мен едім. Мен — Стамбек Сыпатайұлы!..

Өкем өлді. Жаны жаннатта. Мен жалғыз қалдым. Жалғыздыққа — көкірегім шерге толып, жапанда күн кешуге әуелден-ақ жазған екен. Рас, басында барар жерім болмады. Одан соң көрі әке-шешемді тастап кете алмадым. Кейіннен олар мені тастай алмады. Енді міне... Тура елу жасқа толғанда төрт тарабым бірдей ашылды. Бірақ дүние тар еді. Қазақтар айтатындай, барар жер, басар тауым жоқ. Ең дұрысы осы — Бетпақтың қақ ортасындағы медиен екен. Неге медиен. Медиен емес. Аспанда күн, жерде құрт-құмырсақ. Қысқа қарай көз көріп төңірек қаптап өрген ақбөкеннен көрінбей кетеді. Ал ауылда — өзіміздің шарбақ қорада, жеркеле төңірегінде айғыр үйір жылқы бар. Тіршілікке қажетім түгел. Мен адам бетін көргемелі — өз шаңырағымнан тысқары тірі жанмен тіл қатыспағалы қаншама жыл болды. Өмірімдегі бақытты күндер. Жалғызсырап көргем жоқ. Енді шын жалғыз қалғанда, ұзақ ауырған, қуатты ағасы дертке бой бермеген қайран өкем азаппен көз жұмғанда, күнө болса да айтайын, бір сәт бойым жеңілейіп, азаттыққа жаңа шыққандай сезімге берілдім. Бір сәт қана. Содан соң ауыр қайғы өзінің тұңғығына тартқан. Мен екі-ақ күн өмір сүріп, көкке ұшқан сөбіім Жансеріктің, құдай қосқан қосағым Зағираның, үстеріне сораң шыққан, басылған, жер болуға тақаған ескі қабірлерінің қатарынан қайран өкем, бір кездегі құрметті ақсақал, мыңғырған бай, қартайған шағында өз ел, өз жерінде қашқын кесіп киген Сыпатай марқұмның жер бөсігін қазып жатып, нық шешімге келдім. Менің де арманым жоқ екен. Шын зұлмат заманда небәрі жеті-сегіз-ақ ай бұғауда болдым, елу жыл бойы еркін тірлік кештім. Менен тәуір талай азаматтың сүйегі Сібірде қалды. Менен ақылды, менен қайратты мың сан жігіт аштан өлді, оққа ұшты. Бар керегімді осы Бетпақтан тауыппын. Енді ешқайда кетпеймін. Бес күн бе, бес ай ма, бес-он жыл ма — осы құт мекенде тұра берем.

Өкем ертегіші, әңгімеші еді. Көл-көсір, ұшы-қиырсыз аңыздар. Сол айтқандай, мен тоқтамға келер-келместен, марқұмның өзіз топырағы үйіліп бітпестен, жел ғана жететін қиян шөлге көктен шайтанның арбасы түсті. Ішінде үш адам. Екеуі — бірі орыс, бірі қазақ — менің қандас туыстарым; үшіншісі — таулық әлде гүржі, әлде лезгин; мүмкін дағыстандық. Аэропланның тапа-тал түсте адасып, арнайы іздесе де табылмас біздің мекеннің үстінен шығуы — төңірінің маған арнаған тағы бір талқысы екенін бірден аңдадым. Ең оңайы — үшеуін бірдей келкілтей қылып атып тастау еді. Ағылшынның винчестерімен, орыстың винтовкасымен емес, әлі де жеті оғы сақталған революциялық маузермен. Менің қандас туыстарым — озбыр мен

сілтеген жобамен шөлден өткен үшеуді қуып жете алмайтын едім. Асығыс қамданып, кетуге ынғайландым. Сонда ғана есіме түскен. Бар жылқыны шөлге тастап, бас сауғалап барамын. Олар қандай қиындықта болса да мені сатпас еді. Мен саттым. Тірі малды ғана емес, өлі аруақты да. Бірақ кезеңі етіп кеткен, амал жоқ. Өбден есім шыққаны ғой. Малдың — бізді асырап-сақтаған, серік болған, ес болған жылқының не жазығы бар! Кесірткеден басқа түгі жоқ Бетпақта қасқыр жемес, бірақ құдықтан кім су алып бермек — мына аңызға апталпа қаталап өлмей ме. Шыңыраудан қауға тартып, жылқыларды тегіс суғардым. Үш қабірді кезек-кезек құшақтап, шер тарқаттым да, бар қаруымды артынып, жеке атқа қос торсық су теңдеп, бар малды алға салып, кешкі салқынмен тура оңтүстік шығысқа қарай аттандым. Екі қонаға жерде, жан баспас иенде, жарлауыт қабақ астынан жылып шығатын мол сулы булақ бар еді. Әуелгі тоқтаған, бір қыстаған жеріміз. Аттарды ауыстырып мініп, көп жүріп, аз аялдап, соқтырып отырып күн жарымда келіп жеттім. Өрине, жан жоқ. Мен күткендей, шашылған сүйектер де көрінбейді. Одан бері қанша заман. Тозбайтын — топырақ қана. Булақтың көзі бітелгенмен, тіршілік нәрі үзілмеді. Аршып, тазартып, мейлінше суладық. Жеріңсің, қара іздемесін деп, екі күн аялдадым. Содан соң малды Қамбар-Атаға, өзімді Қызыр әулиеге тапсырып, артыма қарай-қарай кеттім. Құдай көлденең пәле-жаладан қарса, суаттан ұзамайды, алғашқы қақпа оралармын, ал қазір, өзім пана таппай тұрғанда мұншама жылқыны ешқайда сыйғыза алмас едім.

Бар үміт қарындасым Айсалқамда. Содан соң... Жансалқам... Тұлымы желбіреген құлыншағым үшін безген шығармын қаластан. Тек... Айтудың өзіне қорқам — бар ма... тірі ме?.. Бұғанасы бекімеген бала тұрғай үлкендердің өзі қайда қалды... Жансалқам аман болса, бәрі орнына келер еді.

Құдай оңғарды. Оңай табылды. Жалғыз қарындасым сол баяғы Жуантөбеден отыр екен. Күйеуі соғыста өлген. Балалары жас. Бір замандағы ұлылығын бай қызы бейнет басқан, беті жарылып, маңдайы әжімденген, сойдақтис көрі колхозшы болыпты да шығыпты. Түні бойы жылады. Менің барлығыма, тірілігіме. Баяғыда үмітін үзсе де, өлгенін жаңа ғана естіген әкесіне. Мезгілсіз өткен жеңгесіне. Өзінің талайсыз тағдырына. Қорқыныш та бар. Мен үшін. Қайда барам, кімге сиям?.. Менің алдымда кінәлі сезінеді. Жалғыз туысы — жалғыз сіңлісінің оқи алмай қалғанына. Бірақ бұл — мен үшін үлкен қуаныш еді. Оқымағаны емес, бой жетіп, адам қатарына қосылуы. Көрген жан сұқтанардай сұлу болып өсті дейді Айсалқам, бір жылап, бір жұбанған аралықта. Жирен шашы арқасын жапқан, ұзын бойлы, ақмаңдай, мойыл көз. Қырындамаған жігіт жоқ. Ферма бастықтың аяғының қемісінен өскерден қалған студент ұлының да ойы болған тәртізді. Сөз байласыпты десіп жүруші еді, оқымысқа бұйырмады. Сарысудан осы ауылға жоқ қарап келген балуан жігіт алып кетті, бір қолы шолақ екен, өскерден былтыр қайтқан түйеші. Қазір Телікөлде отыр ма, Арқа жайлап кетті ме, құдай білсін, бірақ іздесе табылады, өзі де хабарласса керек... Бұдан артық қандай бақыт болуы мүмкін! Қызым жеткен, тұрмысқа шыққан, қарындасым аман, балалы-шағалы.

Бірақ ертеңіне мен өзімнің осы ауылға бөтендігімді сезіне бастадым. Көзімнің көк, шашымның сарғыш, бетімнің қушық екенін жаңа ғана білгендеймін.

Мен шынында да дем алдым. Үйден шықпаймын, күнұзақ Айсалқам от жағушы, құл шығарушы қызметші болып істейтін жетікылдық мектептің кітапханасынан алғызған қазақша газет, журнал, кітаптарды оқимын, түннің бір уағына дейін әңгімелесеміз. Әуелде Вашингтон Ирвингтің Рип Ван Винкли сияқты елу жыл (әлде жетпіс жыл ма есімде жоқ, әйтеуір ұзақ) ұйықтап тұрған, басқа бір заманнан келген кісі құсап едім, өзімді уақытынан қалған, өліп тірілген пенде емес, үңгірден шыққан, ақыл-есі озық адамдар тіршілігімен жаңадан ғана таныса бастаған жабайы питекантроп сөзінген едім. Арада алты етпей, керісінше екеніне - төңірегімдегілер, осы ауыл, осы ел, түтес мемлекеттегі барлық жұрт үңгірге қамалғанына көзім жетті. Газеттерде не айтады? Құдайым-ау, осындай да болады екен! Кітаптарда ше? Ғаламат! Ең тәуір деп ұсынғандарының өзі балдыр-батпақ, жиренішісті әрі татымсыз өтірік. Өрине, менің қолыма советтік классика түсе қойған жоқ. Қазаққа жетпей жатса керек. Оның есесіне қазіргі заманнан «нжіліл» ежіктеп тұрып оқыған. Орысша, қазақ ауылында ешкім қолына ұстап көрмеген, жап-жаңа. Өзі сондай қалың. «Краткий курс истории ВКП (б)» деп аталады. Менің көзімді ашқан, тобама түсірген, кімдердің арқасында қандай мерейлі заманда өмір сүріп отырғанымыз санамға қуяған ғажайып кітап еді бұл. О, құдірет! Құдай ұлы Иисус Христос! Алланың елшісі Мұхамед! Шынында да үлкен мәртебе екен. Қолыңа баспа бетін көрген қағаз ұстау. Тасқа басылған сен көрген, сен хат таныған кездегіңнен өзгерсе де, алғаш сөйлеген ана тілінде оқу! Мен "Қысқаша курсты" оқуға тоймадым. Оқыған сайын көзім қарақтана түскен. Өткен өміріме шүкіршілік, бүгінгі барыма тауба айтқам. Кей кезде өзімді, өзімді ғана емес, өзгелерді де табалап, мез болып күлуші едім. Кітап оқу, мейлі ол "Краткий курс" болса да, қандай бақыт. Ендігі бір бақыт - қағаз, қалам. Жиендерім бастауыш кластарда. Өзге сабақтармен қатар орыс тілін де оқиды. "Нан - хлеб, жол - дорога, сиыр - корова" деп, таң атқаннан бек қатқанға дейін ежіктеп жатқандары. Ауылда бір орыс жоқ, бірақ мұндағы ұғым бойынша, орыс тілінсіз күн көру мүмкін емес сияқты. Бір кезде бұл өлкеде қазақша білмесек күн көру қиын еді. Міне, прогресс! Міне, түземдіктердің цивилизациялы әлемнің есігінен сығалағанда тапқаны. Бар жетістік алда сияқты. Енді аршындап ілгері басу, үздіксіз даму үшін орыс тілін білу керек. Өзі тілін ұмытса да. Орыс тілі! Білсек болды, жетесің, жетісесің. Мың жылдан бері орыс тілінде сөйлеп келе жатқан жұрт жеруыққа (түпнұсқада қазақша "жеруок" деп жазылып жақша ішінде "молочные реки, кисельные берега" деп дәйектелген, - М.) баяғыда қоныстанып алған сияқты. Орыс тілін біліңдер, балалар! Мұғалімдікке сұрансам ба екен? Шайтан азырса да көнбедім. Өрине, тексерсе бастайды. Қайдан келген, қайда тұрған и все прочее... Ең жақсысы - отыз жылғы үйренген кәсіби жылқышылық. Ешқандай құжаттың керегі жоқ. Жұт соғып колхоздың малын қырып алмасақ болды. Қырып алсаң, қажетті жерде тиісті дүкіметті өздері тауып береді. Құдай бетін әрі қылсын.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

## ТӨМЕНГІ ЖЕТКІЛІКТІ ШЕГІНДЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?

Қоғамның белсенді қызығушылығына және көптеген сауалдардың туындауына байланысты ең төменгі жеткіліктілік шектерін (ТЖШ) есептеу әдістемесіндегі жоспарланған өзгерістерді түсіндіреміз.

ТЖШ есептеу әдістемесін қайта қараудың мақсаты - болашақ жинақтаушы зейнетақының жеткіліктілігін қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақтарының ең төменгі сомасына қойылатын талаптарды арттыру, зейнет жасындағы зейнетақы төлемдері есебінен салымшының кірісті алмастыру коэффициентін (КАК) кезең-кезеңімен (ең төменгі халықаралық стандарттарды ескере отырып) өсіру.

### Өзгеріс жасауға не себеп болды?

Қолданыстағы Әдістемеге сәйкес ТЖШ мөлшері жыл сайын бекітілген әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді, ең төменгі жалақы мөлшері мен инвестициялық кірістілік негізінде болашақ зейнетақы жарналарының болжамды көрсеткіштерін ескере отырып жүргізілген есептеулер нәтижесінде белгіленеді.

Бұл ретте қолданыстағы Әдістеменің бірқатар осал тұстары бар:

- ұзақ мерзімді макроэкономикалық болжамдарға тәуелділік, осының әсерінен жыл сайын ТЖШ мөлшері құбылмалы болады;
- салымшының болашақ зейнетақы жарналарын нақты төлеуіне кепілдіктердің болмауы;
- болашақ зейнетақы төлемдері мөлшерінің аздығы.

Қолданыстағы әдістеме бойынша, азамат зейнетақы жинақтарының ТЖШ-дан асатын бөлігін пайдаланған жағдайда міндетті зейнетақы жарналарын (МЗК) аударуды одан әрі қарай жалғастырады деп болжанған. Мұндай жағдайда болашақта шамамен қазіргі күнкі минимумы (КМ) деңгейін, яғни 50 мың теңгеге жуық төлем алуы мүмкін. Алайда іс жүзінде жарналар тұрақты аударылауы немесе мүлде тоқтауы мүмкін. Соның себебінен бүгінгі ТЖШ болашақ зейнетақы көлемінің жеткіліктілігін қамтамасыз ете алмайды деген қауіп бар. Жарналар уақытылы аударылып, іс жүзіндегі ТЖШ мөлшерін қамтамасыз еткеніңде 50 мың теңге көлеміндегі жинақтаушы зейнетақы бүгінгі медианды жалақының 15%-на да жетпейді.

### Жаңа Әдістеме нені көздейді?

Ұсынылған ТЖШ-ны анықтаудың жаңа әдістемесі азаматтарға зейнетақы төлемдерінің неғұрлым жоғары және болжамды деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған. Жаңа тәсілге сәйкес ТЖШ-дан жоғары жинақтарды алғаннан кейін болашақ жинақтаушы зейнетақы мөлшері медианды жалақының кемінде 40% деңгейіне жуықтайды (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2025 жылғы IV тоқсанда оның мөлшері 339 912 теңгені құрады).

Сонымен қатар ұсынылған Әдістемеді жеткіліктілік шектері болашақ жарналарға және көптеген макроэкономикалық көрсеткіштердің жыл сайынғы болжамды өзгерістеріне байланысты болмайды. ТЖШ шамалары ұлттық статистиканы ескере отырып, БҰҰ үнемі жаңартып отыратын Қазақстан халқының демографиялық кестелерін қоса алғанда, ұзақ мерзімді факторлар негізінде айқындалатын болады. Тісінше азаматтар болашақ зейнетақы мөлшерін болжай алады және ЭЫДҰ елдерінің нысаналы көрсеткіштеріне кезең-кезеңімен жақындайды.

ТЖШ мөлшері қазіргідей салымшының жасына байланысты болады: азамат зейнеткерлік жасқа неғұрлым

жақын болса, болашақ зейнетақыны қамтамасыз ету үшін ТЖШ деңгейі соғұрлым жоғары болуы керек.

ТЖШ анықтау үшін болашақ зейнетақы төлемінің ағымдағы құнын есептеудің классикалық формуласы пайдаланылатын болады. Басқаша айтқанда жаңа формула бойынша жинақтардың ең аз сомасы, яғни мақсатты мөлшерде зейнетақы алуы қамтамасыз ету үшін салымшының жеке зейнетақы шотында (ЖЗШ) болуы тиіс ТЖШ шамасы айқындалады. Сонымен қатар, болашақ төлемдерді есептеу инфляция мен инвестициялық кірістің әсерін ескереді, яғни болашақ төлемдердің мөлшері инфляцияға ескере отырып нақты мәнде өседі.

Осылайша ТЖШ-ны айқындаудың жаңа әдістемесі зейнетақы төлемдері есебінен салымшының кірісін алмастыру коэффициентінің жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында болашақ жинақтаушы зейнетақыны қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақтарының ең төменгі сомасына қойылатын талаптарды арттырады. Бұдан басқа мұндай әдістеме ТЖШ анықтау жүйесін зейнетақымен қамсыздандырудың халықаралық стандарттарына жақындауға және зейнеткерлікке шыққан кезде зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі қауіпін азайтуға мүмкіндік береді.

Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) 102 Конвенциясына сәйкес зейнетақымен қамсыздандырудың ең төменгі деңгейі кемінде 40% КАК болып табылады. Еуропалық Одақ елдерінде ең төменгі зейнетақы мөлшері орта есеппен ең төменгі жалақы мөлшерінің шамамен 60%-ын құрайды. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) елдерінде ең төменгі жалақы мөлшері медианды жалақының шамамен 50% құрайды.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей бірқатар елдерде зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану мүмкіндігі дағдарысқа қарсы шара ретінде экономикалық күйзелістерге және халықты қолдау қажеттілігіне байланысты ерекше жағдайларда, оның ішінде COVID-19 пандемиясы кезеңінде қатаң шектеулі мөлшерде қолданылған.

Сонымен қатар зейнетақы жинақтары, ең алдымен, егде жастағы азаматтардың табысын қамтамасыз етуге арналғанын атап өтеміз. Сондықтан зейнеткерлікке шыққанға дейін зейнетақы қаражатын үнемі пайдалану жинақтау көлемінің күрт төмендеуіне және сәйкесінше болашақ зейнетақы төлемдері мөлшерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Ұзақ мерзімді перспективада бұл егде жастағы зейнетақы табысының жеткіліктілігі қауіпін арттырады.

Осылайша, зейнетақы жинақтарының бір бөлігін баламалы мақсаттарға пайдалану мүмкіндігі сақталуда, алайда алу үшін қолжетімді қаражат көлемін айқындау тәсілдері азаматтарды болашақта зейнетақы төлемдерінің жеткілікті және тұрақты деңгейде қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып жетілдіреді.

Қазақстанда жаңа әдістеме бойынша ТЖШ есебі нақты жағдайларға жақындап, озық елдердің зейнетақымен қамсыздандыру тәжірибесімен сәйкестендіруге бағытталатын болады. Азаматтық зейнеткерлікке шыққан кезде жинақ көлемі жеткілікті болу қауіпін азаяды. Жаңартылған әдістеме жинақтаудың бір бөлігі алынған жағдайда болашақ жинақтаушы зейнетақы нысаналы көрсеткіштерден төмен болмайтындығы және зейнеткерлік жастағы азаматтарға тұрақты зейнетақы табысын қамтамасыз ететіндей етіп ЖЗШ-да сақтау үшін қажетті зейнетақы жинақтарының ең төменгі деңгейін айқындауға мүмкіндік береді

## МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДАҒЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАЛАЙ ЖАҢАРТУ КЕРЕК?

2026 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша бағдарлама іске қосылған 2024 жылғы 1 ақпаннан бастап нысаналы жинақтарды (НЖ) пайдалануға берілген 316 223 өтініш орындалып, жалпы сомасы 57,88 миллион АҚШ долларына жуық қаражат өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін уәкілетті операторларға аударылды. Өтініштердің басым бөлігі тұрғын үй жағдайын жақсартуды көздейді: 36,94 млн АҚШ доллары сомасына 201 245 өтініш орындалды. Білім беру ақысын төлеу үшін 20,94 млн АҚШ доллары сомасына 114 978 өтініш орындалды.

НЖ алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы. Егер қаражаттың бір бөлігі талап етілмесе, қалдық нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) 10 жыл бойы сақталады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаты – одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (36,23 млн АҚШ долларына 196 893 өтініш). Сонымен қатар тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қаржын алу үшін бастапқы жарна ретінде енгізу үшін 1 498 өтініш беріліп, олар бойынша 248,94 мың АҚШ доллары аударылса, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алуға (түпкілікті есеп айырысу) – 156,59 мың АҚШ долларына 989 өтініш орындалды.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (19,68 млн АҚШ долларына 106 315 өтініш орындалды), білім беруге жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беруге жинақтау салымын толықтыру (842,16 мың АҚШ долларына 5 947 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолата (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (319,33 мың АҚШ долларына 2 114 өтініш орындалды) төлем жасау.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпараттар [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтында танысуға болады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық бір балаға 130,71 АҚШ доллары кезекті есептеу жүргізілді. 2024 жылы – 129,38 АҚШ доллары, 2023 жылы - 100,52 АҚШ доллары мөлшерінде қаражат аударылған болатын.

18 жасқа дейінгі балаларға жыл сайын Ұлттық қордан бөлінетін сомалар олардың БЖЗҚ-да ашылған шоттарында ескерілетін нысаналы талаптар түрінде есептеледі. Бұл ретте, заңнамаға сәйкес, жас қазақстандықтарға есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің

құрамында қалады және инвестициялануын жалғастырады. Одан әрі инвестициялау нәтижесінде жыл сайын әрбір баланың нысаналы талаптарының сомасы алынған инвестициялық табыс есебінен қосымша өседі.

Нәтижесінде бағдарламаға қатысатын балада барлық жинақталған нысаналы талаптардың жынтық сомасы (жыл сайын қосымша есептелетін инвестициялық кірісті қоса алғанда):

- үшінші жыл - 370 доллар 56 цент;
- екінші жыл - 263 доллар 93 цент;
- бірінші жыл қатысып отырған баланың шотында 130 доллар 71 цент.

18 жасқа толмаған баланың бағдарламаға қатысуы туралы ақпаратты оның ата-анасы және өзге де заңды өкілдері [kids.enpf.kz](http://kids.enpf.kz) сайтында баланың ЖСН бойынша, [eGov.kz](http://eGov.kz) электрондық үкімет порталындағы жеке кабинетте, сондай-ақ eGov Mobile және кейбір екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында тексере алады.

Егер балаларға 2025 есепті жылы есептелген нысаналы талаптар туралы ақпарат көрсетілмесе, онда мобильді қосымшалардағы құжаттарды төменде көрсетілген жолмен жаңарту қажет: eGov Mobile қосымшасында: «Цифрлық құжаттар» - «Отбасы» - «Құжаттар тізімін жаңарту» - «Ұлттық қордан есептеулер»; екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында, мысалы Kaspi.kz: «Мемлекеттік қызметтер» - «Барлық құжаттар» - «Құжаттар тізімін жаңарту» - «Ұлттық қордан есептеулер».

Был 18 жасқа толған немесе толатын балаларға есептелген нысаналы талаптар туралы мәліметтердің заңды өкілдің жеке кабинетінде көрсетілмеуі нысаналы талаптардың нысаналы жинақтарға (НЖ) айналуына байланысты. Осыған орай, есептелген қаржы туралы ақпаратқа қол жеткізу құқығы тікелей НЖ алушыға, яғни 2026 жылғы 18 жасқа толған немесе толатын азаматқа беріледі. Аталған азаматтар НЖ туралы ақпаратты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры интернет-ресурсындағы немесе электрондық үкімет порталындағы жеке кабинеті арқылы өз бетінше алуы тиіс. Ал 18 жасқа толғаннан кейін НЖ төлемдерін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында алу үшін уәкілетті операторға жүініп, АҚШ долларымен банктік шот ашып, онлайн-өтініш беруі қажет.

Бүгінгі күні уәкілетті операторлар: «Отбасы банкi» АҚ (тұрғын үй және білім алу ақысын төлеу), «Халық банкi» АҚ (білім алу ақысын төлеу), «Банк ЦентрКредит» АҚ (білім алу ақысын төлеу).

Нысаналы талаптарға қатысушы көмелетке толмаған балалар және нысаналы жинақтарды көмелетке толған алушылар бойынша, сондай-ақ нысаналы жинақтарды тұрғын үйге және (немесе) білім алуға пайдалану жөніндегі статистикамен [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтында танысуға болады.

## МӘРТЕБЕ АЛУ ҮШІН БҰРЫҢҒЫ ҚАРЫЗДЫ ЖАБУ МІНДЕТТІ МЕ?

**Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына тұрақты түрде медициналық қызмет сапасына қатысты сұрақтар мен өтініштер келіп түседі. Қордың маңызды міндеттерінің бірі – пациенттердің құқықтарын қорғау. Осы мақсатта Қор мамандары медициналық көмектің сапасына мониторинг жүргізіп, көрсетілмеген немесе сапасыз көрсетілген қызметтердің себептерін зерделейді.**

**Көпшілік көкейіндегі көп сұрақтарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Жақсылық Әбілқасымұлы Абуосметов жауап береді.**

**- Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Қаржы министрлігінің қарамағына өтті. Бұл өзгеріс қандай жаңашылдықтар әкеледі?**

- Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қаржы министрлігінің қарамағына берілуі - МӘМС жүйесіндегі қаржы ағындарын басқаруды жетілдіруге және қаражаттың ашық әрі тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастырушылық шешім.

Азаматтар мен медициналық ұйымдар үшін Қордың негізгі функциялары өзгеріссіз қалады. Дәлірек айтқанда, жарналар мен аударымдарды жинақтап, медициналық қызметтерді сатып алуы және ТМККК мен МӘМС аясындағы медициналық көмекті қаржыландыруды жалғастырады. Қордың денсаулық сақтау жүйесін интеллектуалды басқаруға және оны қаржыландыруға кезең-кезеңімен өтіп жатқанын атап өткіз келеді.

Сақтандырылған азаматтар мен медициналық ұйымдар алдындағы барлық міндеттемелер толық көлемде сақталады. Медициналық қызметтер бұрынғы тәртіпке көрсетіледі, ал азаматтардың құқықтары мен қолжетімділігіне ешқандай шектеу қойылмайды.

Сонымен қатар Қор қызметінің мемлекеттік қаржыны басқару жүйесіне интеграциялануы қаражаттың тиімді жұмсалынуы бақылауды күшейтіп, жүйенің қаржылық тұрақтылығын арттыруға және МӘМС-ті одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

**Өңірде сақтандырылмаған азаматтардың саны қанша?**

- 2026 жылғы 5 маусымдағы жағдай бойынша Қызылорда облысында бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына 846 360 адам тіркелген. Оның ішінде 732 153 адам немесе 86,5%-ы сақтандырылған болса, 113 524 адам

немесе 13,9%-ы сақтандырылмаған.

Азаматтардың сақтандырылмауының негізгі себебі – МӘМС жүйесіне жарналар мен аударымдардың уақытылы төленбеуі. Жалдамалы қызметкерлер үшін төлемдерді жұмыс беруші аударды, ал басқа санаттағы азаматтар жарналарды өздері төлейді.

**- Сақтандырылмаған азаматтарды МӘМС жүйесіне тарту үшін қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?**

- Халықты МӘМС жүйесімен қамту жұмыстары Қор құрылған 2016 жылдан бері тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Осы уақыт аралығында облыстық филиал мамандары кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру шараларын үздіксіз атқарып келеді.

Осы бағытта өңірде жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен өңірлік штабтар құрылып, жүйелі жұмыс жүргізілуде. Қала және аудан әкімдіктерінде МӘМС мәселелері тоқсан сайын қаралады.

Сонымен қатар облыс тұрғындарымен кездесулерде сақтандыру тәртібі, жарна төлеу ережелері және жүйеге қатысуын маңызды түсіндіріледі.

Бұдан бөлек жұмыс берушілермен, жеке кәсіпкерлермен және медициналық ұйымдармен кездесулер өткізіліп, заң талаптары түсіндіріледі. Мемлекеттік кірістер органдарымен бірлесіп, сақтандырылмаған азаматтар тізімі ай сайын жанартылып, оларды жүйеге тарту жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ мемлекет тарапынан да бірқатар қолдау шаралары іске асырылып жатыр: төлем тетіктері жеңілдетілді, әлеуметтік осал топтар үшін жарналарды бюджет есебінен төлеу қарастырылды.

Мысалы, сақтандыру мәртебесін алу үшін бұрынғы қарызды толық жабу міндетті емес - соңғы 12 айға жарна төлеу жеткілікті. Сонымен қатар 5 жыл үздіксіз жарна төлеген азаматтарға төлем тоқтаған жағдайда 6 айға дейін мәртебе сақталады.

2026 жылдан бастап жұмыссыз және осал топтағы (Д және Е санатты) азаматтар үшін сақтандыру жарналары жергілікті бюджеттер есебінен төленуде. Бұл жүйе елімізде шамамен 1 миллионнан астам адамға сақтандырылған статусын алуға мүмкіндік береді. Қызылорда облысы бойынша 40 мың адам шамасында. Бұл дегеніміз жұмыссыздар мен осал топтар үшін МӘМС статусымен қамтылуын жоғарылатады, өңірлік теңсіздікті төмендетеді.

**- Жалпы медициналық сақтандыру енгізілгеніне бірнеше жыл болса да жұрттың көбі қай қызметті тегін алатынын білмейді. Осы жөнінде**

**толығырақ айтып өтсеңіз...**

- «Сақтандырылмаған» азаматтар да тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде базалық медициналық қызметтерді ала алады.

2026 жылғы 1 қантардан бастап Қазақстанда Бірыңғай медициналық көмек пакетін кезең-кезеңімен енгізу басталды. Өзгерістер 2025 жылғы 14 шілдеде Мемлекет басшысы қол қойған Заңға сәйкес жүзеге асырылады және денсаулық сақтау саласында негізгі мемлекеттік кепілдіктерді орындауға, медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға, барлық қатысушылардың әділ, ортақ жауапкершілігін қамтамасыз етуге және жүйенің ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бірыңғай медициналық көмек пакеті шеңберінде МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан онкологиялық ауруларды, артериялық гипертензияны, ишемиялық жүрек ауруын, глаукома және кант диабетін ерте анықтауға арналған скринингтер барлық азаматтар үшін қолжетімді.

ТМККК аясында 11 әлеуметтік маңызды ауруларды күдік туындаған жағдайда диагностикалау қолжетімді болды, соның ішінде туберкулез, созылмалы вирус гепатиттері мен бауыр циррозы, психикалық және мінез-құлық бұзылыстары, қатерлі ісіктердің ерте сатысы, өткір миокард инфарктісі (алғашқы 6 ай), сирек кездесетін аурулар, энцефалия, инсульттер және басқа ауыр жағдайлар.

Осылайша, сақтандырылмаған азаматтар базалық медициналық көмек пакетіне қол жеткізе алады, оған келесі қызметтер кіреді:

- емханадағы алғашқы медициналық қарау;
  - артериялық гипертензияны, ишемиялық жүрек ауруын, глаукома, кант диабетін, сүт безі обырын, жатыр мойны обырын және колоректалды обырды ерте анықтауға арналған вакцинация және скринингтер;
  - 11 әлеуметтік маңызды ауруға күдік туындаған жағдайда диагностикалау;
  - өмірге қауіпті жағдайларда желел және шұғыл медициналық көмек;
  - барлық әлеуметтік маңызды ауруларды диагностикалау, емдеу, алдын алу және тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету;
  - жұқпалы аурулар кезінде медициналық көмек;
  - қан препараттарымен қамтамасыз ету;
  - паллиативтік көмек және ауыр науқастарға ұзақ мерзімді күтім.
- Медициналық сақтандыру қоры қызметтердің қолжетімділігі мен**

**сапасын қалай арттырады?**

- Қор қаржылық оператор ретінде медициналық көмекті ұйымдастырумен немесе оның сапасын тікелей артырумен айналыспайды. Бұл міндет денсаулық сақтау басқармалары мен медициналық ұйымдар басшылығының құзыретіне жатады. Дегенмен, Қор өз тарапынан қаржыландыруды басым бағыттарға бағыттау арқылы медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға ықпал ете алады.

2026 жылы өңір тұрғындарына медициналық көмек көрсету үшін 125 жеткізушіге 135,9 млрд. теңге бөлінді. Бұл қаражат халықты тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және МӘМС жүйесі аясындағы медициналық қызметтермен қамтамасыз етуге бағытталған.

Қор медициналық көмектің сапасына жаңама түрде әсер етеді. Талдамалық ақпарат пен ұсынымдар береді, медициналық қызмет көрсету барысында орын алған кемшіліктерді анықтайды.

Медициналық көмектің сапасын арттыруға жүйедегі жеткізушілер санының көбеюі және олардың арасындағы бәсекелестік те оң әсерін тигізеді. Бүгінде өңір бойынша Қормен келісімшарт жасасқан 125 медициналық ұйымның 93-і немесе 74,4%-ы – жекеменшік ұйымдар. Жеке сектордың қатысуы қызмет көрсету сапасын жақсартып, мемлекеттік медициналық ұйымдарды да өзгерістер енгізуге ынталандырады әрі медициналық қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды күшейтеді.

Қазіргі таңда МӘМС жүйесі кезең-кезеңімен дамып, жаңа деңгейге көтерілуде. Оның басты мақсаты – әрбір қазақстандыққа денсаулығын сақтауға байланысты қаржылық шығындардан қорғайтын маңызды кепілдік екенін түсіндіру және жүйенің тиімділігін арттыру.

**- Қорға азаматтар көп жүгіне ме? Қандай шағымдар жиі түседі?**

- 2026 жылдың 5 айында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына кері байланыс арналары арқылы Қызылорда облысының тұрғындарынан медициналық қызметтерді алу бойынша 675 өтініш келіп түсті. Олардың қатарында пациенттердің алыстары, шағымдары мен ұсыныстары бар.

Өтініштердің басым бөлігі кеңес беру сипатында болды. Азаматтарды МӘМС жарналарын төлеу тәртібі, медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, жолдамалар мен еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын рәсімдеу, сондай-ақ медициналық көмекті көрсете

ту шарттары, жеңілдік санаттары мен тізімдердегі өзгерістерге қатысты түсіндірулер қызықтырған.

2026 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша Қор жүйесіне барлығы 238 шағым түскен. Бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 95 шағымға немесе 28,5%-ға аз.

Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда қайтарып алынған шағымдардың үлесі 57,36% -дан 65,13%-ға дейін өсті. Атап айтқанда, 238 шағымның 155-і (65,13%) пациенттерді қолдау қызметтері мен медициналық ұйымдардың ішкі сараптама бөлімдері арқылы «осы жерде және дәл қазір» қағидаты бойынша қайтарып алынған немесе шешімін тапқан.

Қызылордалықтар келесі мәселелер бойынша ең көп шағымды жолдаған:

Бірінші: медициналық көмектің сапасыз көрсетілуі – 87 (36,55%);

Екінші: медициналық көмек көрсетуден бас тарту – 77 (32,35%);

Үшінші: ТМККК және МӘМС шеңберінде дәрілік заттарды беруден бас

## ЕРТЕ КЕТТІҢ, ЕРҚАНАТ

Қызылорда қаласында белгілі журналист Ерқанат Сәрсенбайұлын еске алуға арналған БАҚ өкілдері арасында шағын футболдан турнир өтті.

Аймағымызда алғаш рет байрағын көтерген бұл турнирдің мақсаты – ұшқыр ойлы, өткір тілді, белгілі қаламгер Ерқанат Сәрсенбайұлының есімін ұлықтау, қызмет жолын жастарға үлгі ету, сонымен бірге қаламгерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттап, әріптестік және достық қарым-қатынас нығайту.

Ерқанат Сәрсенбайұлы өзінің 37 жасқа дейінгі саналы ғұмырын баспасөз қызметі мен телевизияға арнап, мемлекеттік қызметте де абыройлы еңбек етіп, ақпарат саласында өзіндік қолтаңбасын, өшпес ізін қалдырған тәжірибелі журналист.

Турнирдің ашылу салтанатына қала әкімінің орынбасары А.Нұрмағанбетов, облыс әкімінің баспасөз хатшысы С.Шаханова, “Сыр медиа” ЖШС-нің директоры М.Аралбаев, республикалық “Егемен Қазақстан” газетінің меншікті тілшісі М.Жетпісбаев және Ерқанат Сәрсенбайұлының анасы қатысып, турнирге қатысушы журналистерге сәттілік тіледі.



Облыс әкімінің баспасөз хатшысы С. Шаханова аймақ басшысының арнайы құттықтауы мен тағайындалған қаржылай қорын Ерқанат Сәрсенбайұлының анасына табыстады.

Аталған турнирде жергілікті БАҚ өкілдері мен мемлекеттік мекемелерден құралған 6 команда бақ сынады.

## ИНСТА-СЕРИАЛ КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ



## ТАРТТЫ

Қызылордада «Qyzyq орта» инста-сериалының жабық премьералық көрсетілімі өтті. Аталған шараға қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов арнайы қатысып, шығармашылық топқа шаһар басшысының алғысын жеткізіп, жобаның жастарға берер тәрбиелік маңызына тоқталды.

Премьерға шығармашылық топ, актерлік құрам, түсірілім тобы және арнайы шақырылған қонақтар қатысып, туындының алғашқы серияларын тамашалады.

10 бөлімнен тұратын жоба жастар арасында өзекті тақырыптарды қозғайды. Атап айтқанда «Заң мен тәртіп» қағидағы, «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы, әскери борышты өтеудің маңыздылығы, сондай-ақ достық, отбасы құндылықтары, білім, еңбек, жауапкершілік және қоғамдағы белсенділік секілді маңызды бағыттар көрініс тапқан.

«Qyzyq орта» инста-сериалы әлеуметтік желілер арқылы көрерменге жол тартты.

## ӨТІРІК ПЕН ШЫНДЫҚ...

Фейк: Курьер болып қосымша жұмыс істейтін аналар әлеуметтік төлемдерден айрылады.

**Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің теріске шығаруы:** - Жұмыс істемейтін ата-аналарға бала бір жарым жасқа толғанға дейін республикалық бюджеттен берілетін мемлекеттік жәрдемақылар олардың кейіннен жұмысқа орналасуына қарамастан толық төленеді. Ал жұмыс істейтін ата-аналарға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан тағайындалған әлеуметтік төлемдер олар жұмысқа қайта шыққан кезде автоматты түрде тоқтатылмайды. Бұл төлемдер тек алушының өз еркімен берген өтініші негізінде ғана тоқтатылуы мүмкін.

Фейк: Қазақстан Қарулы Күштеріндегі әскери оқу-жаттығуларында 1940 жылдардағы қару-жарақ қолданылуда.

**Қорғаныс министрлігінің теріске шығаруы:**

- Қазақстан армиясында 1940-жылдардағы қару-жарақ қолданылмайды. Оқу-жаттығу жиындарында қазіргі уақытта армия қатарында тұрған заманауи қару түрлері, сондай-ақ қарулы күштерді жаңғырту аясында жаңадан келіп түсіп жатқан әскери техниканың озық үлгілері пайдаланылады.

Фейк: Қазақстанда азаматтарды сексуалдық бағдары немесе діни наным-сенімі бойынша мерзімді әскери қызметтен босатады.

**Қорғаныс министрлігінің теріске шығаруы:**

- Отандық заңнамада азаматтарды сексуалдық бағдарына немесе діни ұстанымына байланысты мерзімді әскери қызметті өтеуден босату қарастырылмаған.

Фейк: 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап жеке тұрғын үйлердің маңына автокөлік қоюға тыйым салынады.

**Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің түсіндірмесі:**

- Бұл тыйым салу тек жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақтарда мүлікті, соның ішінде қолданыстан шығарылған, ақаулы және бөлшектенген автокөліктерді заңсыз жинау мен ұзақ уақыт сақтауға ғана қатысты. Көлік құралдарын тікелей мақсатында пайдалануға, сондай-ақ оларды арнайы қарастырылған тұрақтар мен автотұрақ орындарына қоюға ешқандай шектеу қойылмайды.

Аталған норма Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың үлгілік қағидаларында бекітілген және қоғамдық кеңістіктердің санитарлық әрі эстетикалық жай-күйін сақтауға бағытталған. Бұл ережелер жол қозғалысын, автотұрақтарды ұйымдастыруды және көлік құралдарын пайдалану мәселелерін реттейді - бұл мәселелер өзге нормативтік-құқықтық актілердің құзыретіне жатады.

## «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қызылорда қаласы әкімдігінде «Заң мен тәртіп» қағидасын қоғамда кеңінен насихаттау және оның негізгі бағыттарын түсіндіру мақсатында әдістемелік семинар өтті.

Семинарды қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов жүргізіп, қалалық прокуратураның бөлім прокуроры, құқық қорғау саласының ардагері, қала әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету, қоғамдағы тұрақтылықты нығайту,

патриоттық тәрбие беру, қауіпсіз орта қалыптастырудағы жергілікті атқарушы органдармен атқарылатын жұмыстар туралы баяндамалар жасады.

Жиын қорытындысымен қала әкімдігіне қарасты мекемелерде қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған оқыту семинарларын өткізу, сондай-ақ тұрғындар арасында «Заң мен тәртіп» қағидасын кеңінен насихаттау бойынша жауапты сала басшыларына нақты міндеттер тапсырылды.

## БАҒАНЫ БАҚЫЛАП ЖҮР...

Қармақшы ауданы әкімінің тапсырмасымен аудан әкімінің орынбасары Шыңғыс Сыдықов жұмысшы топ мүшелерімен бірге аудан орталығындағы «Ботакөз», «Сұлтан» және «Рүстем» сауда орындарына мониторинг жүргізді.



Мониторинг барысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының сапасы, бағасы және өнім жеткізушілермен байланысты мәселелер қаралды. Сонымен қатар кәсіпкерлерге бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сауда қызметі саласындағы заңнама талаптарын сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Халықты сапалы әрі қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз ету және баға тұрақтылығын сақтау – басты назарда. Бұл бағыттағы бақылау және түсіндіру шаралары алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасатын болады.

## СЕҢГІРТАМ САҚТАҒАН СЫР...

Қармақшы ауданы бойынша бүгінгі күні 66 тарихи-мәдени ескерткіштер мемлекет қорғауына алынған. Оның ішінде 6 республикалық маңызы бар, 58 жергілікті маңызы бар, 2 алдын-ала тізіміне алынған тарихи-мәдени мұра объектілер. Бұл жәдігерлер халқымыздың рухани құндылығына айналған киелі орындар ретінде ерекше маңызға ие.

Соның бірі Сеңгіртам ғұрыптық – жерлеу кешені Тәйімбет Көмекебаев ауылынан оңтүстікке қарай шамамен 84 шақырым жерде орналасқан. Археологиялық деректер бойынша кешен б.з.д. VIII-V II ғасырларға жатады және ерте темір дәуіріндегі сақ тайпаларының жерлеу дәстүрлерін зерттеуде маңызды орын алады.

Сеңгіртам кешені көне көшпелі тайпалардың дүниетанымы мен діни-ғұрыптық нанымдарын көрсететін бірегей археологиялық нысан саналады. Зерттеулер барысында мұнда жерлеу рәсімдерімен қатар отқа табыну және мәйітті өртеу ғұрпының белгілері анықталған. Бұл өңірдегі ежелгі халықтардың рухани мәдениетін тануға мүмкіндік береді.

Сеңгіртам қорымы Сыр өңіріндегі көне ескерткіштер тізбегіне енеді. Ол Бәбіш-Мола, Шірік-Рабат, Баланды кешені сияқты ежелгі мұралармен тарихи-туристік бағытының маңызды нысандарының бірі.

Бүгінде Сеңгіртам ғұрыптық-жерлеу кешені жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіші ретінде мемлекет қорғауына алынған. Бұл қасиетті мекен – Сыр бойының мыңжылдық тарихынан сыр шертетін баға жетпес мәдени мұра.

## «ТӘЖІРИБЕ МЕН ТАҒЫЛЫМ»-БҰРЫҢҒЫЛАР МЕН ҚАЗІРГІЛЕРДІҢ КЕЗДЕСУІ

Шиелі ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Айтбай Жандарбековтың төрағалығымен «Тәжірибе мен тағылым» тақырыбында мемлекеттік қызметшілермен кездесу өтті.

Жиынға мемлекеттік қызмет саласының ардагерлері, кент және ауылдық округ әкімдері, мекеме басшылары, жас мемлекеттік қызметшілер мен сала мамандары қатысты.

– “Мемлекеттік қызмет – халыққа адал қызмет етудің жарқын үлгісі. Бүгінгі жас буын аға буынның өнегелі жолынан тағылым алып, олардың кәсібилігі мен жауапкершілігін үлгі етуі қажет. Себебі мемлекетшілдік, адалдық пен елге деген сүйіспеншілік – нағыз мемлекеттік қызметшінің басты қасиеті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Мемлекеттік қызмет дегеніміз – жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын жер емес. Бұл – туған халқыңның алдында айрықша жауапкершілік арқалау деген сөз», – деп атап өткен болатын. Бұл қағида әрбір мемлекеттік қызметшінің қызмет жолындағы басты ұстанымы болуы тиіс.

Біздің басты мақсатымыз – халықтың сенімін ақтап, ел игілігі жолында аянбай еңбек ету, – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ аудан басшысы мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сабақтастықтың маңыздылығына тоқталып, тәжірибелі мамандардың ақыл-кеңесі мен өмірлік ұстанымдары жас кадрлардың кәсіби тұрғыдан қалыптасуына зор ықпал ететінін жеткізді.

Кездесу барысында мемлекеттік қызмет ардагерлері Әшім Оразбекұлы, Тілеубек Бабаев, Нәйла Палымбет, Насырбек Мырзабеков, Нажемидин Қалыбаева және Дана Аман Смаханұлы сөз сөйлеп, мемлекеттік қызметтің жауапкершілігі, адалдық пен кәсібиліктің маңызы жөнінде ой бөлісіп, жас буынға ақыл-кеңестерін айтып, өмірлік және еңбек жолындағы мол тәжірибелерімен бөлісті.

Аудан әкімі жиын барысында Керделі ауылдық округі әкімі аппаратының қаржы саласы жөніндегі бас маманы қызметін абыроймен атқарып келген Жұмағұл Асанқызын құрметті зейнет демалысына шығарып салып, көп жылғы адал еңбегі үшін ауданның жоғары марапаты – Құрмет грамотасымен марапаттады.

Ауданда мемлекеттік қызметшілердің тек кәсіби тұрғыдан ғана емес, рухани және шығармашылық жағынан дамуына ерекше көңіл бөлінуде. Осы мақсатта «Рухани өрлеу» шығармашылық орталығы құрылған.

Аталған орталықтың негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің рухани дүниесін байытып, шығармашылық қабілеттерін дамыту, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Кездесу барысында «Рухани өрлеу» шығармашылық орталығының мүшелері өз мен жырдан шашу шашып, өз өнерлерін ортаға салды.

Жиында мемлекеттік қызметке талантты әрі білікті жастарды тартуға бағытталған жаңа мүмкіндіктер де айтылды. Атап айтқанда, жоғары оқу орындарын мемлекеттік грант негізінде тамамдап, оқу үлгерімі GPA 3,33-тен жоғары болған түлектерге мемлекеттік қызметке конкурстық орналасу мүмкіндігі қарастырылған.

Бұл бастама өңірлердегі кадрлық әлеуетті нығайтуға және жастарды кәсіби қызметке ынталандыруға бағытталған. Осы ретте ауданда жас кадрлар Гүлжазира Құлахмет пен Асқар Бойрабаев конкурстық негізде қабылданып, өздеріне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып келеді.



Кездесу соңында аудан әкімі мемлекеттік қызметшілерге адалдық, кәсібилік және халыққа қалтқысыз қызмет ету қағидаларын берік ұстанудың маңыздылығын атап өтіп, аға буын мен жас мамандар арасындағы сабақтастықтың мемлекеттік қызмет сапасын арттырудағы рөлі ерекше екенін жеткізді.

Жиын тәжірибе мен тағылымға толы мазмұнды пікір алмасуға ұласып, мемлекеттік қызметтің мерейін асыруға бағытталған игі бастамалардың маңызын айқындады.

## САЛДАРЫНАН ГӨРІ СЕБЕБІМЕН КҮРЕСЕТІН КОМИССИЯ

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссияның төрағасы Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен комиссия отырысы өтті.

Отырысқа қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары – комиссия төрағалары, облыстық полиция департаментінің өкілдері, тиісті басқармалар мен ведомстволардың басшылары, сондай-ақ сала мамандары қатысты.

Күн тәртібінде көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлықтың профилактикасы, NEET

санатындағы жастармен жұмыс, оларды жұмыспен қамту және қоғамдық өмірге тарту, сондай-ақ буллингтің алдын алу бағытындағы мәселелер қаралды.

Жиын барысында өңірдегі ахуал жан-жақты сараланып, әрбір құқық бұзушылық фактісі бойынша атқарылған жұмыстар мен қабылданған шаралар талқыланды. Мейрамбек Зинабидиұлы жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бағытындағы жұмыстарды күшейтудің маңыздылығына тоқталып, жауапты мекемелер мен жергілікті атқарушы органдарға нақты тапсырмалар жүктеді.

Сонымен қатар құқық бұзушылықтың

салдарымен күресуден бұрын оның туындау себептерін анықтап, алдын алу тетіктерін күшейту қажеттігін атап өтті. Әсіресе, тәуекел тобына жататын балалармен және олардың отбасыларымен жүргізілетін жұмыстың сапасын арттыру, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеуді күшейту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Комиссия отырысының қорытындысымен жауапты мемлекеттік органдарға көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау және құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстардың тиімділігін арттыру бойынша тиісті тапсырмалар берілді.